



ЭКОНОМИКА



АСТАНА ӘДІЛДІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

САРАПТАМА



ШЫҰ ОТЫРЫСЫ: КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР ЖЕҢІЛДЕЙ МЕ?

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚАҚЫ

«ОТБАСЫ БАНК» САЛЫМШЫЛАРЫ

Мемлекеттің 138 000 теңге мөлшеріндегі ең жоғары сыйлықақысын ала алады

Жыл сайын тұрғын үй құрылысы жинақ ақша жүйесіне қатысушыларға 20% мөлшерінде мемлекет сыйлықақысы төленеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Отбасы банк» Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл Түсіпова айтты. Мемлекет сыйлықақысы 200 АЕК немесе 690 000 теңгеден аспайтын сомаға есептеледі.

«Егер осы жыл ішінде «Отбасы банкте» депозиті бар адам осы қаражатты өз шотына жинаса немесе оларды бір мезгілде енгізсе, онда ол 2023 жылдың қорытындысы бойынша ең жоғары сыйлықақы – 138 000 теңгені алады. Мемлекет тарапынан 20% көлемінде бонус алуға үлгеру үшін «Отбасы банктің» салымшылары осы жылдың 29 желтоқсанына дейін өз депозитін

толықтырып үлгеруге тиіс», – деді Д.Түсіпова.

Сондай-ақ, ол жинақтау мүмкіндігінің арқасында 480 мыңнан астам қазақстандық отбасының тұрғын үй мәселесі шешілгенін айтты.

«Тағы 2,7 млн қазақстандық ақша жинақтап жатыр. Бұл мәселеде оларға мемлекеттің қолдауы да маңызды. Сыйлықақы төлеуге арналған қаражат жыл

сайын республикалық бюджетте көзделеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 1,9 млн қазақстандық 75 млрд теңге көлемінде мемлекет сыйлықақысын алды, – деп түсіндірді спикер.

Банктің жылдық 2% мөлшеріндегі сыйақысын және мемлекет сыйлықақысын ескергенде «Отбасы банктегі» депозиттер бойынша тиімді мөлшерлеме жылдық 14%-ға жетуі мүмкін.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №129 (6422) 28 қазан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР, ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ЖАҚСЫ



Мемлекет басшысы Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Мемлекет басшысына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәлімет берді. Аймақ экономикасының барлық негізгі саласының дамуында оң үрдіс сақталып отырғанын айтты. Облыстағы өндіріс көлемі 5,8 пайызға, ауыл шаруашылығы 1,7 пайызға ұлғайған. Ал сауда мен құрылыс салаларының даму көрсеткіштері 1,6 есе өсті. 198,4 мың шаршы метр

тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 11,2 пайызға көп. Облыс экономикасына, 213,9 миллиард теңге инвестиция тартылған, соның ішінде жеке инвестициялар 15,7 пайызға көбейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың даму қарқынын оң бағалап, осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды тапсырды.

«Біз еліміздің болашағы қандай бағытта дамитынын ойласақ, ең алдымен, жастарымызға көңіл бөлуіміз керек. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Жастарымызды көзі ашық, көкірегі ояу, адал азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет. Бұл – ел дамуының маңызды бір бағыты. Ал енді облыстың дамуына келер болсақ, өңірдің әлеуеті зор, даму қарқыны жақсы, әлі де түйткілді мәселелер бар. Мен облыстың жағдайын жақсы білемін. Алдағы уақытта да назар аударамыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.10.2023

Түнде:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.10.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



8



АҚОРДА

БЕЙБІТШІЛІК – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

оның қадіріне жетіп, бағалай білу – ортақ парыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Республика күніне орай өткен салтанатты жиынға қатысып, бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсырды. Ең алдымен, марапаттау рәсіміне қатысушыларды еліміздің ең басты мейрамы – Республика күнімен құттықтады.

Тарихи әділдік:

СЫН САҒАТТАҒЫ БАТЫЛДЫҚ Декларация азаттық алуымызға жол ашты

– Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн. Халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген сөз бар. Осыдан 33 жыл бұрын тарихи әділдік орнады. Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осы маңызды құжат жұртымыздың азаттық алуына жол ашты. Ақжолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады. Біз қазір Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Сондықтан өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

«Ұлттық қор – балаларға» бастамасы:

ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ екі айдан кейін балалардың есепшотына қаржы түсе бастайды

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жетістіктері туралы айта келе, адам капиталын жақсартуға бағытталған оң өзгерістерге назар аударды.

– Көп ұзамай халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Бұл еліміздің тұрақты дамуының айқын көрінісі деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, азаматтарымыз өз ұрпағының жарқын болашағына және еліміздің ертеңіне сеніммен қарайды. «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру үшін тиісті заң қабылданды. Небәрі екі айдан кейін балаларымыздың есепшотына қаржы түсе бастайды, – деді Мемлекет басшысы.

Маңызды бағыт:

«АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ұлттық жобасы басталды

Президент аймақтарды жан-жақты дамыту мәселесін мемлекеттік саясаттағы маңызды бағыттың бірі ретінде атап өтті.

– «Қуатты аймақтар – қуатты мемлекет» дегеніміз – жалаң ұран емес. Бұл – Әділетті Қазақстанды құруға қажетті ең басты қағидат. Біз былтыр еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымына бірқатар өзгеріс енгіздік. Сол арқылы кейбір облыстың дамуына тың серпін бердік. Менің тапсырмаммен ауыл-аймақты дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжаттың мән-маңызы зор. Аймақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын құру – басты міндет. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы басталды. Осы жобаның аясында 655 амбулатория және фельдшерлік-акушерлік нысан салынады, құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Бұған қоса, 20 ауданаралық көпбейінді емхана ашылады, ал 12 емхана заман талабына сай жаңарады. Яғни төрт миллионнан астам ауыл азаматына сапалы дәрігерлік қызмет көрсетіледі. Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. 2026 жылға дейін барлық аймақта жүздеген жаңа мектеп бой көтереді. Ауылдарда 100 спорт орталығы ашылады.

Сондай-ақ, 650 мәдениет ошағы салынады және жөнделеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа сын-қатерлер:

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ САҚТАУ – тұтас ұлттың жауапкершілігі

Президент Қазақстанның «елдің ішінде де, айналасында да бейбітшілік», «эралуандық арқылы – бірлікке» деген қағидаттарды әрдайым берік ұстанатынын мәлімдеді. Оның айтуынша, Қазақстанның алдында бұрын-соңды болмаған жаңа сын-қатерлер тұр. Осы күрделі кезеңде мемлекетіміздің орнықты дамуы өте маңызды. Біз болашаққа сеніммен қараған біртұтас Қазақ елін күллі әлемге танытуымыз керек.

– Егемендікке қол жеткізу оңай емес, ал оны сақтап тұру тіпті қиын. Шын мәнінде, Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. Тәуелсіздікті сақтау, бұл – ең алдымен, тұтас ұлттың жауапкершілігі. Біз егемендікті тынымсыз еңбекпен, мызғымас бірлікпен күн сайын қорғауымыз керек. Ең бастысы, еліміздегі тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Себебі, тыныштық болмаса, басқаның бәрі бекер. Әлемдегі ахуалдың қандай күрделі екенін көріп отырсыздар. Беделді халықаралық сарапшылар Қазақстанды бейбітшіліктің бесігі деп атайды. Қазір біз аймақтың мәдени-рухани орталығына айналдық. Биыл шетелдің өнер ұжымдары елімізде 200-ден астам мәдени іс-шара өткізді. Бұл – тұрақтылықтың, тыныштықтың айқын көрінісі. Мұны басқаларға үлгі-өнеге деуге болады. Ал тұрақсыздық жайлаған елге ешкім ұмтыла қоймасы анық. Бейбітшілік – біздің басты байлығымыз. Оның қадіріне жетіп, бағалай білу – бәрімізге ортақ парыз. Мұны еліміздің әрбір азаматы, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Әділетті Қазақстан:

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНЫҚТЫРУ құқықтық мәдениетті дамыту қажет

Президент «Адал азамат» ұғымына айрықша тоқталып, жастарға арнайы Үндеу жолдады.

– Елімізде жүзеге асырылып жатқан әрбір бастама, ең алдымен, сіздерге арналады. Қазіргі реформалардың игілігін көретін де, елдік істерді жалғастыратын да – сіздер. Бүгінгі жастарды Қазақстанның келбеті деуге болады. Шын мәнінде, кез келген мемлекетті тұрғындарына қарап бағалайды. Яғни біздің қандай ел боларымыз өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан жастарымыз отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы қажет. Жастар спортпен, дене шынықтырумен айналысуы керек. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Осы құндылықтарды барынша насихаттап, тарату қажет. Сонда жеке адамның қасиеті тұтас ұлттың қасиетіне айналады. Жастар кез келген өзгеріске бейім болады. Әр нәрсені бойына тез сіңіреді. Мен сіздерді жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге шақырамын. Ұлы Абай айтқан бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болыңыздар. Сіздер дәріптеген құндылықтар қоғамда тез орнығады. Сіздер қолдаған өзгерістер жылдам жүзеге асады. Бәріміздің тілегіміз – бір, бұл – қоғамымызда жаппай әділеттік орнату. Ендеше, мақсатымызға бірге жетейік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттілік тұғырын нығайта түсу үшін заң үстемдігін орнықтыру өте маңызды деп санайды. Мемлекет басшысының айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру үшін құқықтық мәдениетті дамыту қажет.

– Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдістерге бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркеніетті болады. Бұл – зандылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, береке-бірлік те, бақуатты тұрмыс та болады. Яғни Заң толығымен орындалса, төрт құбыламыз түгел болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа жоғары мемлекеттік наградалар, сыйлықтар мен атақтар табыс етті.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӨНІРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР, ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ЖАҚСЫ

Мемлекет басшысы Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысты

(Басы 1-бетте)

Бейбіт Исабаев облыстың өнеркәсіп өндірісінде 533 кәсіпорын жұмыс істейтінін, онда 26,6 мың адам еңбек етіп жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, өндіріс көлемі 230,1 миллиард теңгені құрады. Биыл жалпы құны 46,9 миллиард теңге болатын 14 нысанды іске қосу жоспарланған. Облыста су жүйесін қайта жаңарту және салу үшін 22 жобаның іске асырылып жатқаны туралы баяндалды. Ал 22 елдімекен, соның ішінде Талдықорған қаласына газ құбыры тартылып, 288 мың адам көгілдір отынмен қамтылған. Биыл 20 елдімекенде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жетісу облысындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3988 шақырым. Биыл облыстық маңызы бар 221 шақырым жол мен 73 елдімекендегі 249 шақырым ауылшілік жолдарды салу және қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

• Президент Жетісу облысына жұмыс сапары аясында көрнекті этнограф, фольклортанушы, ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың бейітіне зиярат етті. «Алтын-емел» мемориалдық музейінде болды. Президентке Жетісу облысының туризм саласын дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде де қысқаша мәлімет берілді. Мемлекет басшысы Жетісу өңіріндегі ірі өндіріс ошақтарының бірі саналатын «ALACEM» цемент зауытын аралап көрді. Облыс орталығындағы драма театрына есімі берілген Қазақ КСР Халық әртісі Бикен Римованың бюстіне гүл шоғын қойып, театр ғимаратын аралап көрді. Облыс орталығында салынып жатқан жаңа шағынаудан құрылысының барысымен танысты. Үштөбе қаласындағы Қаратал тарихи-өлкетану музейін, әлеуметтік объектілерді, Жетісу облысындағы мәдениет және спорт нысандарын аралап көрді. Талдықорған қаласындағы жаңадан салынған Jetuzi Arena жабық мұз айдынында болды.

ТУРИЗМ ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ БОЛУҒА ТИІС

Соңғы үш жылда өнірге келген туристер саны екі есе артқан. Ал осы саладағы көрсетілетін қызметтер көлемі 16 миллиард теңгеге дейін өскен.

Аталған бағыттың дамуына тың серпін беру үшін бірқатар инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, қазір Алакөлге көліктің бірнеше түрімен жетуге болады. Былтыр Үшарал әуежайының ұшу-қону жолағына реконструкция жасалып, тұрақты әуе қатынасы жолға қойылды. Биыл «Астана – Достық» бағыты бойынша «Тальго» пойызы іске қосылды және «Үшарал – Достық» автожолының реконструкциясы аяқталды. Қазіргі кезде «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолын қайта жөндеу, Алакөл курорттық аймағында жоғары вольтты электр желілерін тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған қоса, «Балқаш» туристік-рекреациялық аймағының бас жоспары» әзірленді. Оның аясында ұзындығы 16 шақырым болатын жағалауға бюджет есебінен инженерлік-коммуникациялық желі тартылып, жалпы аумағы 860 гектар жерге 7 бағыттағы демалыс аймақтары орналастырылады. Жоспар шеңберінде 30 миллиард теңгеге дейін жеке инвестиция тарту көздел-

ген. Сонымен қатар, келесі жылы көлге апаратын «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» жолының реконструкциясын аяқтау жоспарланып отыр. «Алтын-Емел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи парктерінде экологиялық туризмге басымдық беріледі. Биыл «Altynemel» визит-орталығы ашылды. Ал «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркінің аумағында жалпы құны 1,7 миллиард теңге болатын 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Сонымен қатар, Текелі маңайында шаңғы-биатлон кешенін салу және Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейінгі жолды жөндеу жұмыстары жоспарланған.

– Жалпы, облыста туристік нысандар жеткілікті. Сондықтан оның бәріне тиісті деңгейде мән беріп, дамыту керек. Туризм Жетісу облысы экономикасының басым бағыты болуға тиіс. Туристер неғұрлым көбірек келсе, облысқа да оң септігін тигізеді. Облыстың туризм саласындағы әлеуеті өте зор, – деді Президент.

ЖОБА ҚҰНЫ – 47 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ

2020 жылы индустрияландыру бағдарламасы аясында іске қосылған Қазақстан–Сингапур бірлескен кәсіпорнында құрғақ әдіспен жылына 1,5 миллион тонна цемент өндіріледі. Жоба құны – 47 миллиард теңге. Зауытта, негізінен, азаматтық және өндірістік нысандар құрылысында кеңінен пайдаланылатын М400, М450, М500 маркалы цемент түрлері шығарылады. Мысалы, Үлкен Алматы өзеніне салынған «Аюсай» бөгетінің құрылысына осы зауыттың өнімі қолданылған. Алматы қаласының Жетісу және Алматы облыстарының цемент өніміне деген сұранысын 65 пайызға дейін қамтамасыз етеді. Жобаны жүзеге асыру барысында экологиялық таза, қалдықсыз өндіріс стандарттарына сай келетін озық технологиялар қолданылған. Сондай-ақ, өнім процесін басқару үшін DCS интеллектуалды жүйесі енгізілген. Кәсіпорынның өндіріс және көлік-логистикалық учаскелерінде 600 адам жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі – жергілікті тұрғындар. Сонымен қатар, өнімді өткізу, дилерлік желілер арқылы қосымша 200-ге жуық жұмыс орны ашылды. Компания зауытты іске қосқалы бері бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Кербұлақ ауданының дамуына 2,7 миллиард теңге қаржылай қолдау көрсеткен. Бұл қаражат Сарыөзек – Көктал жолын жөндеуге және аудандағы әлеуметтік жобаларға жұмсалды.

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІМІЗ ТЕҢБІЗ

Жетісу облысының зиялы қауым өкілдері еліміздің мәдениет саласына ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттің қолдауын сезініп отырғанын жеткізіп, Президентке алғыс айтты. Мемлекет басшысы бұл, ең алдымен, тұрақтылықтың, тыныштықтың арқасы екеніне назар аударды.

– Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі ахуал күрделі. Ең құбылмалы кезде тұрмыз. Күрделі кез. Сол себепті, бейбітшілік біздің басты байлығымыз екенін жақсы түсінуіміз керек. Бірлігіміз мығым боп, бір ел болып еңбек етуіміз қажет. Елде заң үстемдігі мен тәртіп болса ғана, тыныштық пен даму болады. Президенттен бастап бәріміз Конституцияны құрметтеп, заңға бағынуымыз керек. Заң алдында бәріміз теңбіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz; oricom.kz).



● ПРЕЗИДЕНТ

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ –

елдігіміздің берік тұғыры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Республика күнімен құттықтады

«Құрметті отандастар! Баршаңызды ұлттық мерекеміз – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстанның тарихи тандауын айқындаған Егемендік декларациясы – елдігіміздің берік тұғыры. Онда мемлекетіміздің аумақтық тұтастығының мызғымастығы, халқымыздың жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуға ұмтылысы және азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетіндігі нақты көрініс тапқан. Осы басты қағидаттар Конституциямызда, заңдарда және Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдарын белгілейтін басқа да құжаттарда көрсетілген.

Республика күні ырысты ынтымақ пен өзара тілеуестіктің арқасында халқымыздың барлық сын-қатерден сүрінбей өтіп, азаттыққа жеткенін әйгілейді. Біз бабалар аманатына адал боламыз. Ел бірлігін әрдайым нығайта береміз. Егемендігімізді қадір тұтып, көздің қарашығындай сақтаймыз. Халқымыз тату-тәтті әрі берекелі қоғам құруға бар ерік-жігерін жұмсайды, жасампаз ісімен жаңа белестерді бағындырады. Әрбір отандасымыз Адал азамат деген атқа лайық болып,



елімізді дамытуға салмақты сөзімен, өнегелі ісімен үлес қосады. Біз бірге мақсатымызға жетеміз – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрамыз. Байрағымыз көк аспанда асқақ желбіресін! Ұлттың рухы қашанда биік болсын! Еліміз өсіп-өркендей берсін! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!», – деді Президент.

● GLOBAL GATEWAY 2023 ФОРУМЫ



ЕУРОПАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

Транскаспий халықаралық көлік маршрутына қызығушылық танытып отыр

Бұл күндері Брюссельде Еурокомиссия Президентінің, ЕО және серіктес елдер үкіметтерінің, қаржы институттары мен кәсіпкерлердің жоғары лауазымды өкілдерінің қатысуымен Global Gateway 2023 форумы өтіп жатыр.

«Іс-шара «жасыл» энергетика мен «жасыл» сутекке көшу, инфрақұрылымды, аса маңызды шикізат ресурстарын және көлік дәліздерін дамыту мәселелеріне арналған», деп хабарлады ҚР Көлік министрлігінен.

Еліміздің Көлік министрі Марат Қарабаев көлік дәліздері бойынша форумның пленарлық және панельдік сессиясына қатысты. Ол 2017 жылдан бастап Қазақстан, Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Румыния, Польша және Болгарияның қатысуымен Халықаралық ТХКМ қауымдастығы жұмыс істейтінін атап

өтті. Министрдің айтуынша, бұл күндері Австрия, Германия, Литва, Латвия, Эстония және Венгрия аталған көлік маршрутына кіруге қызығушылық танытып отыр.

«Біз тиімді транзиттік транс-континентальдық дәліздер мен маршруттар желісін құрдық. Шығыс-Батыс бағыты бойынша Транскаспий халықаралық көлік маршрутының рөлі арта түсті. Бұған 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЕО, ОА және ҚХР арасындағы жүк тасымалы көлемінің екі есе өсуі дәлел», – деді Марат Қарабаев.

● ЭКОНОМИКА

АСТАНА ӘДІЛДІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ аясында импорттық баж салығы үлесін қайта қарауды талап ететін елдер көшін бастады. 2023 жылдың аяғына қарай біз алып отырған 6,955% үлестің әділетсіз екені айқын байқалды. Қырғызстан мен Армения да үлесті қайта қарауға мүдделі. Бірақ ресми Астана сияқты емес, дауыстары қатты шықпай отыр. Ресей мен Беларусь санкциялар кесірінен импортты жоғалтса да, үлесті қайтадан әділ бөлуге мүлде құлықсыз.

ЕУАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ РЕСЕЙ МЕ?

Ресей 2022 жылғы ақпан айынан бері барлық статистикасын түгел жауып тастады. Содан бері сарапшылар Ресей импорты, резервтер құрылымы бойынша ақпарат ала алмай келеді. Әрине, өз статистикасымен не істегісі келеді, жаба ма, аша ма, өшіре ме, ол Ресейдің ішкі ісі. Толық өзі біледі.

Бірақ ең қызығы, ЕАЭС-те өз статистикасын сайттан жасырып қойған. Яғни 2022 жылдың қаңтар айынан бергі мәліметтер жоқ.

Бұл қалай, ЕАЭС тек Ресей емес қой? Сонда Мәскеуде Еуразиялық экономикалық комиссиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Армения, Беларусь өкілдері не істеп отыр деген сұрақ туындайды. Біздің Мәскеудегі өкілдер Бақытжан Сағынтаев пен Бақыт Сұлтановқа да осы мәселені көтеруге болады.

Inbusiness.kz есебінше, 2022 жылдың қортындысы бойынша Астана, Бішкек пен Ереван импорттағы үлесін 15,8 пайызға арттырған. Бұл оларға келісім бойынша тиесілі 10,075% үлестен (Қазақстан –

6,955%, Қырғызстан – 1,9%, Армения – 1,22%) кем дегенде бір жарым есе артық.

ИМПОРТТЫҚ ПОШЛИНА, БҰЛЫҢҒЫР СТАТИСТИКА

2021 жылы ЕАЭС-ке импорттық пошлинадан 13,5 миллиард доллар келді. Одан Қазақстанға 939 миллион доллар түсті. Былтырғы жылы бізге бұлыңғыр статистика арқылы шамамен 630 миллион доллар түскенін шамалауға болады. Бірақ нақты импорт көлемдеріне қарасақ, бізге кемінде пошлинадан 1 миллиард доллар келу керек еді. Сонда былтыр 370 миллион доллар немесе 170 миллиард теңге жоғалттық. Ал биыл шамамен 200 миллиард теңгеден айырыламыз. Бұл күніне 548 миллион теңге.

Қазақстан осы әділетсіздікті түзегісі келеді. Ресейге салынған санкцияның жақын уақытта алынбайтыны түсінікті. Сондықтан біздің баж салығындағы үлесіміз артпаса кемімейді.

Айбар ОЛЖАЕВ,
сарапшы.

● ФОРУМ

«ҰЛТТЫҚ ҚОРДАҒЫ» ҚАРАЖАТ – баланың айрықша меншігі

ҚР Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында «Ұлттық қор – балаларға» жобасы» баспасөз мәслихатында «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске асырудың кезеңдеріне тоқталды.

«Ең алдымен, өткен жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қорға тәуелсіз аудит жүргізіледі. Аудит нәтижесі бойынша Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің мәні мен оның елу пайызының мөлшері анықталады. Бұдан әрі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жыл ішінде дүниеге келген, қайтыс болған, азаматтық алған және азаматтықты жоғалтқан балалар санын нақтылайды. Деректер толықтай нақтыланғаннан соң Ұлттық Банк көмелет жасына жеткен балаларға төлем жасау үшін қажетті соманы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударады», – деп нақтылады қаржы вице-министрі.

Оның айтуынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатты балалардың мақсатқа сай пайдалануы үшін екінші деңгейлі банкте немесе ұлттық пошта операторында ашылған шотына жібереді. Ол Парламент қабылдаған Заңға сәйкес Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балалар арасында тең бөлу көзделгенін еске салды. 2023 жылғы 1 қазандағы ресми деректер бойынша елдегі 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны шамамен 7 млн адамды құрап отыр. Ұлттық қордан берілетін төлемдер салық салудан босатылады және қажетті нормалар Салық кодексінде жеке көзделген.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«ҰЛТТЫҚ ҚОР» ҚАРАЖАТЫН ҚАНДАЙ МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

ҚР Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков Ұлттық қор қаражатын білім алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған нақты екі мақсатта пайдалану ұсынылатынын айтты.

«Білім алу бағыты бойынша – қаражатты жоғары оқу орындарының ақысын төлеуге немесе мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне аударуға мүмкіндік беріледі. Шетелдік оқу орнында оқу ақысын төлеуге қаражатты пайдалану шектелмейді. Тұрғын үй жағдайын жақсарту бағыты бойынша қаражатты тек Қазақстан Республикасы аумағында ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, бұл қаражатты бастапқы жәрна, ипотекалық қарыздар бойынша төлем ретінде аударуға мүмкіндік беріледі», – деп нақтылады спикер.

«Ұлттық қордан» жинақталған қаражат бала 18 жасқа толған кезде уәкілетті операторларға өтініш бергеннен және шот ашқаннан кейін көрсетілген шотқа аударылады. Ал 18 жасқа толғанға дейін балалар «қатысушылар» болып есептеледі, көмектестірілгеннен кейін «алушылар» санатына көшеді. Сондай-ақ, ол заңды өкілдер мен мұрагерлер де алушылар ретінде бола алатынын жеткізді. «18 жасқа толған кезде жинақталған қаражат баланың айрықша меншігі болады... Бала 18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражат 10 жыл бойы сақталатын құқық беріледі. Шоттағы қаражат 10 жыл ішінде талап етілмеген жағдайда, сол адамның зейнетақы шотына аудару мүмкіндігі бар. Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан кезде төлемдерге талап қою құқығы да жойылады», – деп мәлім етті салалық министрліктің өкілі.

Сонымен бірге, спикер шоттардағы қаражаттың мақсатты пайдаланылуын сақтау үшін жобаның операторы ретінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы айқындалғанын хабарлады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz).



● **ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?**

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы:

ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ БАС ҚОСТЫ



ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов Бішкек қаласында өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің үкімет басшылары кеңесінің 22-ші отырысына қатысып, сөз сөйледі.

Тараптар өңірлік дамудың кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты, сондай-ақ ШЫҰ шеңберіндегі сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті бағыттарын талқылады.

Үкімет басшысы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы кеңістігіндегі сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мен дамытудың маңыздылығын атап өтті. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес Қазақстанның ШЫҰ елдерімен тауар айналымы шамамен 20%-ға өсіп, \$61 млрд-қа жетті. «Электрондық сауда келешегі зор салалардың біріне айналып отыр. Түрлі бағалаулар бойынша, ШЫҰ елдерінде электрондық сатудан түскен жалпы табыс биыл шамамен \$1,5 трлн-ды құрауы мүмкін. Біз ең әуелі, кедендік рәсімдерді жеңілдету арқылы электрондық коммерцияны қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз

керек», – деді Әлихан Смайылов. Ол осы мақсатта ШЫҰ елдерінің кеден органдары басшыларының кезектен тыс отырысын өткізуді, сондай-ақ өзара есеп айырысуда ұлттық валюталардың үлесін арттыруды және «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануды ұсынды. Ұйым кеңістігінде туризмді дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Оның айтуынша, тағы бір маңызды бағыт – ШЫҰ мемлекеттерінің географиялық жағдайын ескере отырып, кең ауқымды көлік желісін құру. Көлік саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мақсатында

Үкімет басшысы тиісті министрліктер деңгейінде өңірде қолжетімді халықаралық бағыттарды ескере отырып, жаңа оңтайлы тәсілдерді әзірлеу туралы ұсыныс айтты. Әлихан Смайылов атап өткендей, инвестициялық ынтымақтастықты жан-жақты нығайту да бірлескен жұмыстың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс. Бұл бағытта Қазақстан Президентінің ШЫҰ-ның инвестициялық қорын құру туралы бастамасы маңызды рөл атқара алады.

Үкімет басшысы, сондай-ақ, Ұйым елдері экономикасының технологиялық дамудың жаңа деңгейіне көшуін жеделдету маңызды екенін атап өтті. Мұнда инновацияларды енгізу және жаңа индустрияларды қалыптастыру негіз болып табылады. «Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сіздерді 2024 жылдың ақпан айында өтетін Digital Almaty цифрлық форумына қатысуға шақырғым келеді. Ол ШЫҰ кеңістігінде цифрлық хабты қалыптастыруға арналады», – деді Әлихан Смайылов.

Отырыс қорытындысы бойынша делегация басшылары бірқатар құжаттарға қол қойды. Олардың қатарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған 2024 жылы ШЫҰ-ның Экология жылына арналған іс-шаралар жоспары бар. Оның аясында тақырыптық конференциялар мен танымдық іс-шаралар, қоршаған ортаны қорғау бойынша ауқымды акциялар және т.б. жоспарланған. Сонымен қатар, ШЫҰ елдерінің теміржол инфрақұрылымының өзара байланысын дамытуға, цифрлық сауданы жандандыруға қатысты және тағы басқа бірқатар құжаттарға қол қойылды.

● **САРАПТАМА**

ШЫҰ ОТЫРЫСЫ:

КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР ЖЕҢІЛДЕЙ МЕ?

26 қазанда Бішкекте Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің үкімет басшылары кеңесінің 22-ші отырысы өтті. Ресми шара биыл 4 шілдеде Үндістанның астанасы Нью-Делиде өткен саммиттің жалғасы. Саммитте Нью-Дели декларациясы қабылданған болатын. Сонымен қатар, ұйымның 2030 жылға дейінгі Экономикалық даму стратегиясын қабылдау туралы шешімге келген еді. Енді міне, ұйымға мүше мемлекеттердің үкімет басшылары жиналған отырыста оны жүзеге асыру мақсатында ресми құжаттарға қол қойылды.



(Фото: Primeminister.kz)

ПАНДЕМИЯ ӨМІРДІ ӨЗГЕРТТІ

COVID-19 өмірімізді өзгертті. Бәріміз бетпе-бет қарым-қатынастан алыстадық. Оның орнына онлайн мен электронды байланысқа етіміз үйренді. Күнделікті адами қарым-қатынас қана өзгерген жоқ. Мектеп пен оқушы, сатушы мен клиент, азамат пен мемлекет, мемлекеттік органдардың өзара байланысына пандемия өзгеріс алып келді.

Пандемия кезін еске түсірейікші. Бәріміз үйде болдық. Көшеге, далаға шығудан қалдық. Тіпті, қол алыса алмай қалдық. Бойымызды үрей билеген уақытта күнделікті тұрмысқа қажеттіні онлайн тапсырыспен алдық. Glovo, Wolt дегендерді қолданбаған жан жоқ шығар. Мопед, электр самокаттармен жүйтікпен курьерлер бәрін тасыды. Ал енді бәрімізге таныс күйбең тіршілікке оралғанда, олардың жолымызды жапқаны ұнамай қалды. Десе де, бұл басқа әңгіме. Сол кезде электронды саудада серпіліс болды. Өзіміздің онлайн-платформалар біраз әлеуетін арттырды.

Енді тек елімізде ғана емес, халықаралық деңгейге шығу қажет.

ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА МАҢЫЗДЫ

Осы орайда, Үкімет пен жеке кәсіпкерлердің ойы түйісті. Үкіметтің басты міндеті отандық компанияларды халықаралық сауда алаңдарында қолдау, қорғау. Бәзбіреулер мұны протекционизм деуі мүмкін. Бірақ өзімізді бізден басқа ешкім қолдамайды. Тек халықаралық сауда құқығынан тысқары шығып кетпесек болды.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов өз сөзінде ШЫҰ елдері арасындағы электрондық сауданы дамыту үшін кедендік рәсімдерді жеңілдетуге шақырды.

«Электрондық сауда келешегі зор салалардың біріне айналып отыр. Түрлі бағалаулар бойынша, ШЫҰ елдерінде электрондық сатудан түскен жалпы табыс биыл шамамен \$1,5 трлн-ды құрауы мүмкін. Біз ең әуелі, кедендік рәсімдерді

жеңілдету арқылы, электрондық коммерцияны қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек», – деді Әлихан Смайылов.

Шынында да, электрондық сауда көлемі жыл сайын артып келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметше пандемия кезінде интернет коммерция өскен. 2021 жылы 1 трлн теңгеден асса, 2022 жылы 1,3 трлн теңгеге жеткен. Қазір онлайн тапсырыссыз өмірімізді елестете алмаймыз. Kaspi, Arbut, Glovo бәріміз қолданатын онлайн-платформалар. E-commerce саласының болашағы бар. Ал Шанхай ынтымақтастығы кеңістігінде әлемдік деңгейдегі платформалар жеткілікті. Бір ғана Қытайдың Alibaba group интернет компаниясын айтса жеткілікті. Ресейдің Wildberries онлайн-ретейлері елімізде танымал. Қазір алысқа бармай қолдағы ұялы телефон арқылы тапсырыс беруге болады. Бұл бағытта бізде артта қалмауымыз қажет. Бәсекеге қабі-

летті отандық интернет компаниялардың деңгейін халықаралық деңгейге жеткізу қажет. Әсіресе, еліміздің технологиялық алпауыты Kaspi-дің әлеуеті бар.

Осы мақсатта Премьер-министр ұйым елдерінің кеден органдары басшыларының кезектен тыс отырысын өткізуді ұсынды. Себебі, тауар тасымалын ретке келтіру маңызды мәселе. Шекарадан тауарлар еркін өтуі тиіс.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ АЛАҢДАТАДЫ

Нью-Дели саммитінен кейін Қазақстан ұйымға бір жыл төраға қызметін атқарады. Отырыс соңында делегация басшылары бірқатар құжаттарға қол қойды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылды Экология жылына атап өтуді ұсынған болатын. Соған сәйкес, 2024 жылы ШЫҰ-ның Экология жылына арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Түрлі экологиялық акциялар, халықаралық конференцияларды өткізу жоспарлануда.

Қазір адамзат экологиялық қауіп-қатер алдында тұр. 2015 жылы БҰҰ деңгейінде Париж келісімі жасалған болатын. Онда әлем елдері ауаны ластаушы заттардың көлемін азайтуға уағдаласқан болатын. Қазақстан да, ШЫҰ да көш соңында қалмауы тиіс. ШЫҰ мен БҰҰ қоршаған ортаны қорғау туралы Бағдарламасы арасындағы байланысты нығайтуды Мемлекет басшысы Нью-Делидегі саммитте ұсынған еді. Еліміздің төрағалығы кезінде осы мәселені жүзеге асыруға әрекет жасалынуы мүмкін.

**Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.**





МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ

ШАРТ ТАЛАБЫ

орындалмады

Қалалық мобильділік басқармасы «Dauren Build» ЖШС-мен Байзақов көшесінің Тимирязев көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі бөлігіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша талаптың бұзылуына байланысты келісім-шартты бұзуға ниетті екендігін растайтын ескерту жолдады.

Қазіргі кезде аталған нысан бойынша жөндеу жұмыстары тапсырыс берушінің келісімінсіз жиырма күннен астам тоқтатылған. Басқарма тарапынан жөндеу жұмыстарын жандандыру жөнінде бірнеше ескерту жолданды. Алайда, мердігер ұйым жұмысқа қазан айында ғана қайта кірісті. Сонымен қатар, техникалық қадағалау тарапынан да ескерту берілгенмен, мердігер ұйым бұл қателікті жөндемеді.

Байзақов көшесінің Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі бөлігінің беткі қабаты 24 тамызда тапсырыс берушіге ескертілмей, тиісті жол белгілерімен бірге қырып тасталды. Осылайша қазіргі кезде аталған көшенің бұл бөлігі көлік пен жаяу жүргінші үшін қауіп туындатып отыр. Келісім-шарт талабына сай, тапсырыс беруші екінші тараптың өрескел қателіктеріне байланысты келісім-шартты бекітілген мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Келісім-шарт талабын бұзу қатарында тапсырыс берушінің келісімінсіз жұмысты он бес күннен ұзақ тоқтату да бар.

Енді басқарма жол қауіпсіздігі мен қала тұрғындарының жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнама аясында шара қолданады. Еліміздің «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сай, тапсырыс беруші тарапынан келісім-шартты біржақты бұзу туралы ескерту жолданды, сонымен бірге, айыппұл да қарастырылған. Көлік қозғалысының жиілігін ескере келе, әрі апаттық жағдайдың алдын алу мақсатында Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі бөліктің орташа жөндеу жұмыстарын кәсіптің әлеуметтік жауапкершілігі аясында өзге мердігер ұйымдар аяқтайтын болады.

Еске салсақ, биыл орташа жөндеу жұмыстарын жалпы ұзындығы 200 шақырым жолда жүргізу жоспарланған болатын. Қазіргі кезде негізгі магистральды көшелер бойынша жұмыстар аяқталды. Инженерлік желілерді ұйымдастыру жұмыстары уақытылы аяқталған жағдайда, аудандық маңызы бар жолдардағы жөндеу жұмыстарын қараша айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Осылайша ағымдағы жылдың қорытындысында жақсы және қанағаттанарлық сападағы жол үлесін 86%-дан 89%-ға дейін жеткізу көзделіп отыр.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

«АЛМАТЫ ҚАЛА ЖАРЫҚ»

көшелерді жарықтандыруды жедел пысықтайтын болады

Алматыда көшені жарықтандыру мәселесін шешу үшін техникалық қызметкерлер штаты ұлғайтылды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жергілікті учаскелерде жұмыс істеуге 20 адамнан тұратын алғашқы бригада жасақталды. Енді көшелерді жарықтандыру жөніндегі тұрғындардың өтінішін өңдеу уақыты 6 есеге қысқартылады.

«Алматы Қала Жарық» (АҚЖ) мамандары көшені жарықтандыру мәселесін реттеу үшін желіге шықты. Олар жеке

ҚАУІПСІЗДІК

ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ

мерзімінен бұрын ашылады

Бостандық ауданындағы өрт сөндіру депосы «Қазақфильм», «Көкшоқы», «Алатау», «Нұр-Алатау» «Ерменсай» сынды бес шағынауданға есептелген. Алматы қаласы әкімдігінің бақылауымен жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстары биыл қараша айында аяқталады.

Депот тәулік бойы 4 ауысымда жұмыс істейді, әр ауысымда 23 адам. Іске қосылғаннан кейін құтқарушылардың өрт орнына келу уақыты қысқарады. Жобаға сәйкес, үш қабатты ғимараттың ауданы 3,7 шаршы метрден асты.

Депонның бірінші қабатында ауысым басшысының кабинеті, кезекші ауысымның екі демалыс бөлмесі (әрқайсысы 14 адам), аппараттық, диспетчерлік бөлме, газтұтқыштарды, жеңдерді сақтауға және тексеруге, арнайы киімді жууға және кептіруге арналған техникалық бөлмелер, шеберхана, құралдар мен қосалқы бөлшектер қоймасы, резервтік автомобильдердің гараж-тұрағы, автокөлік жуу және т.б. орналасады. Екінші қабатта спорт залы, душ және жуынатын бөлме,

ЖОБА

Алдағы жылы Алматының «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында жалпы сомасы 12,2 млрд теңге болатын инвестицияны тарта отырып, 311 жұмыс орны болатын бес жобаны іске қосу жоспарлануда.

КӘСІПОРЫН
КӨБЕЙСЕ...

жұмыс орны артады

Телекоммуникациялық жабдықтар өндіретін зауыт («Smart Alatau» ЖШС) 800 млн теңгеге инвестицияланады, қуаттылығы жылына 1 млн бірлік өнім шығарады және 120 жұмыс орны құрылады. Құны 1,7 млрд теңге, қуаты жылына 500 мың бірлік, 45 жұмыс орны болатын иммунолюминесцентті тест-жүйелер («Kuzai» ЖШС) өндіретін қоймалары бар кешен. Құны 1,5 млрд теңге, қуаты жылына 50 мың бірлік, 40 жұмыс орны ашылатын медициналық техника өндіретін зауыт («МедПроФарм» ЖШС). Құны 1,5 млрд теңге, қуаты жылына 50 мың бірлік, 50 жұмыс орны бола-

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖАҢА АВТОБУСТАР

Алматыда 30 жаңа автобус жолаушылар тасымалдауды бастады. Бұл туралы Алматы қаласы әкімдігінің телеграм-арнасы хабарлады.

Жеке тасымалдаушы «Мадина» ЖШС сыйымдылығы үлкен (100 адамға дейін) Yutong маркалы газбен жүретін 30 жаңа автобус (автобустың ұзындығы – 12 метр) сатып алды. Барлық автобус төмен еденді, кондиционермен және пешпен жабдықталған.

Аталған автобустар есебінен №128 және №72 маршруттар, дәлірек айтқанда, №128 маршрутқа – 17, ал №72 маршрутқа – 9 автобус жаңартылады. Қолданыстағы автобустар №25 маршрутқа бағытталады.

Жалпы, субсидиялау шарты бойынша тасымалдаушылар әр 7 жыл сайын жаңа автобустар сатып алады. Биыл жеке автопаркер 355 жылжымалы бірлік сатып алды, соның есебінен 22 маршрут жаңартылып, 9 жаңа маршрут іске қосылды.

Айта кетейік, бүгінде қала көшелерінде № 9, 43, 49, 213, 223, 230, 233, 236, 240 жаңа маршруттар жолаушы тасымалдап жүр. Ал № 8, 13, 15, 17, 24, 29Р, 37, 38, 46, 47, 53, 65, 69, 88, 109, 115А, 119, 122, 125, 131, 207, 212 секілді автобустар жаңартылған маршруттар бойынша жолаушы тасымалдауда.

қорғаныш құралдарымен жабдықталып, каскамен, арнайы киіммен, монтаждау белдігі мен арнайы аяқкиіммен қамтылды.

Сонымен қатар, жұмыс кешеніндегі тапсырманы орындайтын бригадалар электр жұмыстарына, кабельдік желі мен шамдарға сынақ жүргізуге арналған арнайы құралдармен жабдықталған. Қызметкерлердің барлық құрамы қауіпсіздік техникасы бойынша сертификатталған оқытудан өтті.

Бұрын АҚЖ құрылымында техникалық қызмет көрсету мамандары болмаған, себебі бұл жұмысты жеке серіктес атқарған. Енді «Алматы Қала Жарық» көшелерді жарықтандыру мәселесін өз бетінше әрі жедел пысықтайтын болады.



киім-кешек бөлмесі, қойма, комендант бөлмесі, тамақтану бөлмесі, жуынатын және жинауға арналған жабдықтар қоятын бөлме бар.

Үшінші қабатта нұсқаушыларға арналған кабинеттер, холл, 56 адамға арналған зал, 28 адамға арналған жедел-тактикалық шеберлік сыныбы, психологиялық кеңес беру бөлмесі, қабылдау бөлмесі, халыққа нұсқау беру бөлмесі, қызметтік кабинеттер және т.б. орналасқан.

Депода 4 автомобильге арналған тұрақ, сонымен қатар, 2 көлік құралына арналған резервтік тұрақ ұйымдастырылған. Автокөлікке техникалық қызмет көрсететін арнайы бекет бар.



тын медициналық жабдықтар шығаратын зауыт («Технопроект-А» ЖШС). Құны 1,3 млрд теңге, қуаты жылына 100 мың бірлік, 45 жұмыс орны құрылатын құрал-саймандар, аппараттар мен жабдықтар шығаратын зауыт («Ordamed» ЖШС).

2025 жылы арнайы экономикалық аймақта жалпы құны 11,6 млрд теңге болатын және 417 жұмыс орны ашылатын картриджер, медициналық жабдықтар, медициналық және фармацевтикалық бұйымдар («А-Медикал» ЖШС, «Juldys Kenan Co. LTD ЖШС», «Вива Фарм» ЖШС, «Doc Co. Ltd» ЖШС) шығаратын төрт жобаны іске қосу күтілуде.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН
ТЕГІН ЧИПТЕУ

1 қарашадан басталады

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы қала тұрғындарын 2023 жылғы 1 қарашадан бастап, 20 желтоқсанды қоса алғанда, үй жануарларын тегін чиптеу және тіркеу бағдарламасының басталатыны туралы хабардар етеді. Аталған бағдарлама шеңберінде, 15 мың үй жануарын (иттер мен мысықтарды) чиптеу және тіркеу көзделген.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №97-VII ҚРЗ «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №169 «Үй жануарларын есепке алу қағидасын және есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, барлық үй мысықтары мен иттері белгіленген (болуспен, чиппен, білезікпен немесе мойын жағасымен, электрондық белгісімен, құлақ сыргаларымен немесе басылған таңбамен) және «TANBA» үй жануарларын есепке алудың бірыңғай базасында тіркелген болуы тиіс.

Алматы қаласының тұрғындары үшін «TANBA» есепке алудың бірыңғай базасында тегін чиптеу және тіркеу рәсімі келесі ветеринариялық емханаларда жүргізіледі:

1. «ALLVET» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Төле би көшесі, 279 Б, тел: 8 747 438 38 87;
2. «Мастино» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Есенберлин көшесі, 217, тел: 8 707 327 44 88;
3. «Барыс» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Райымбек даңғылы, 223 Б, тел: 8 707 123 49 00;
4. «Ветстанция» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Сейфуллин даңғылы, 49, тел: 8 701 757 77 27;
5. «MedVet» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Луганский көшесі, 54/1В, тел: 8 708 699 19 43;
6. «DOG PREMIUM» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Грибоедов көшесі, №105, тел: 8 707 339 33 28;
7. «Хвостики» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Жандосов көшесі, 54, тел: 8 708 983 43 13;
8. «Айболит» ветеринариялық емханасы, мекенжайы: Абай даңғылы, 26, тел: 8 708 972 02 07.

Рәсімнен өту үшін жануар иесі жоғарыда аталған мекенжайлардың біріне жануарымен бірге барып, өтініш жасауы қажет. Жануар иесінің өзімен бірге жеке куәлігі, мобильді телефоны және бар болған жағдайда, жануардың ветеринариялық паспорты (болмаған жағдайда, жануар иесінің есебінен ветеринариялық емханада ресімделеді) болуы тиіс.

Ветеринариялық мамандар жануарға микрочип орнатады, жануардың және оның иесінің деректерін «TANBA» үй жануарларын есепке алудың бірыңғай базасына енгізеді, сонан соң жануар иесінің мобильді нөміріне Kezekte.kz алты белгілік растау коды бар 1414 (e-gov) нөмірінен СМС хабарлама келеді, оны жануардың жеке басын растау үшін, 30 секунд ішінде ветеринария маманына хабарлау керек.

Бетті әзірлегендер Айнабай МӘДИ,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Ернұр РЫСБАЙ.



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

КӨК ТУЫМЫЗ КӨККЕ КӨТЕРІЛДІ

Алматыдағы ең үлкен Көк байрақ желбіреді

Ең биік тұғырдағы айбынды Туымыз Әнұранмен биіктеді. Республика күніне орай Медеудегі Ту салтанатты түрде көтерілді. Онда қала басшылары мен алматылық патриот жастар жиналып Әнұранды шырқады.

**Естай
БОЖАН**

Республика күні – халқымыз үшін мемлекеттілік пен тәуелсіздік тұғыры орнына қайта қонған айтулы күн. 1990 жылдың 25 қазанында еліміздің егемендігі қабылданған болатын. Тәуелсіздік декларациясының қабылдануы тарихи символдық тұрғысынан мемлекеттіліктің қайта бекуінің кепілі еді. Осындай мереке қарсаңында Алматыда мазмұнды іс-шаралар легі қызу өтіп жатты. Солардың арасында айбынды Көк байрағымызды көтеру салтанатты іс-шарасының символдық мәні айрықша.

Салтанатты іс-шара асқақ Алатаудың бауырында, «Медеу» алаңында өтті. Бұл – еліміздегі ең биік ту бағаналарының бірі. Рәсімге қала әкімі Ерболат Досаев

мырза бастаған әкімдік өкілдері, мәслихат депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет саласының өкілдері мен қала жастары қатысты.

«Аспаннан алты құлаш жырттып алып, рухын Көк-Тәңірдің ту қылған ел» деген жырдағыдай 6 құлаш Көк байрақ, 40 кез биік Ту бағанасына Әнұранмен бірге биіктеді. Асқақ марш екпіні Алатаудың Медеу шатқалын кернеді.

Салтанатты іс-шараның соңы мерекелік концертке ұласты. Мақсат Базарбай, Мұқасан Шахзадаев сынды елге белгілі эстрада жұлдыздары жиылған патриот жастарға ән шашуын шашты.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы, «Алматы ақшамы» басылымы редакциясы барша отандастарымызды мерекесімен құттықтайды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Республикамыз мәңгілік болсын!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



МАРАПАТ

ҚҰРМЕТ пен ҚОШЕМЕТ

Ерболат Досаев алматылықтарға Қазақстан Президентінің атынан Республика күніне орай мемлекеттік наградаларды тапсырды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 75 тұрғынға мемлекеттік наградаларды тапсырды.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының, қаланың қоғамдық кеңесінің, жастар ұйымдарының өкілдері, мәдениет қайраткерлері, ЖОО ректорлары, мәслихат

депутаттары және т.б. қатысты. Салтанатты марапаттау рәсімі Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының ғимаратында өтті.

Марапатталғандар тізіміне елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан алматылықтар енген. Олардың ішінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, бизнес, көлік салаларының өкілдері, еңбек ардагерлері, сондай-ақ қоғам және саяси қайраткерлер бар.

Мемлекет басшысының Жарлығымен І дәрежелі «Барыс» орденімен «Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты» ЖШС директоры Герой Жолтаев марапатталды. Қазақстанның еңбек сіңір-

ген қайраткері құрметті атағы композитор Эльмира Дехганиге мәдениеттің дамуына қосқан үлесі үшін берілді.

II дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен «Алматыэлектротранс» ЖШС автобус жүргізушісі Әкімжан Жұмабаев марапатталды.

Сондай-ақ, қала әкімі Мемлекет басшысының атынан алматылықтарға «Пара-сат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерін, сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медальдарын тапсырды.

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен «Алматы Су» МКК слесарі Дәулет Әбдірахманов, «Алматы Тазалық» МКК мамандандырылған техника жүргі-

зушісі Ақынқожа Әміреев, «Самғау групп» ЖШС учаске бастығы Қуандық Ерепбаев, «Асфальтобетон 1» ЖШС аға механигі Камилжан Палтаев, «ОлжасLTD» ЖШС автобус жүргізушісі Мұхамеджан Садықов, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ АЭЖ-6 бастығының орынбасары Алмас Саматұлы, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы КММ би бойынша педагог-ұйымдас-тырушысы Ғалия Токтарбаева, «ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» КМК директоры Марат Түкеев, «МИДЭС Строй» ЖШС техникалық ди-ректоры Виктор Шалыжин және «RBS Дострой» ЖШС инженері Роман Шевелев марапатталды.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

АДАЛ ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Алматыдағы «Достық үйінде» еліміздің бетке ұстар ақын-жазушылары мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Республика күніне орай марапатталды.



Пердехан
ШӘМШИЕВ

Еліміз үшін қастерлі Республика күні биыл жоғары деңгейде атап өтілді. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы айтулы мерекені жаңғыртуы себепші болды. Енді міне, ұзақ уақыт үзілістен соң Тәуелсіздіктің бастауы – 25 қазан мерекесі халқымызға оралды.

Алматы қаласы Тәуелсіз еліміздің тарихында ерекше орын алады. Себебі, Тәуелсіздіктің алтын бесігі – дәл осы қала. Будан бөлек, ұлтымыздың қаймағы интеллигенция осында шоғырланған. Халқымыздың қалаға деген ықыласы ерекше. Осы орайда биылғы Республика күнінде қолына қалам ұстаған ақын-жазушылар мен еліміздегі татулық пен қоғамдық келісімге үлес қосып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Президент атынан марапаттарды табыстау мәртебесі Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевқа бұйырды. Арман Оразбайұлы құттықтау сөзінде «адал еңбек елеусіз қалмайтынын» атап өтті.

Ақын-жазушылардан:

«Парасат» орденімен – Қасымхан Бегманов.

«Құрмет» орденімен – Арасанбай Естенов, Жандәулет Тұрсынбай, Әділғазы Қа-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

йырбеков, Бауыржан Қарабеков, Магира Қожахметова, Нұржан Қуантайұлы, Бақыт Мерекенова, Тұрсынәлі Рыскелді.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен – Заря Жұманова, Ділдар Мамырбаева.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен – Қансейіт Әб-

дәзұлы, Тынышбек Дайрабай, Заида Елғондиева, Ғалым Қалибекұлы, Тұрсынбек Токин, Қуандық Түменбай.

ҚХА атынан келесі тұлғалар марапатталды:

«Бірлік» медалімен – Жандильда Жакупов, Владимир Гиоргиевич.

«Жомарт жан» төсбелгісімен – Майя Мамедова, Павел Иткин.

Құрмет грамотасымен – Елена Попова, Юрий Исакович.

Алғыс хаттармен – Мартиросян Норикевич, Севинч Аружова, Уралбаев Абдухалил, Мендиган Жамалбекова.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

«МЕН СЕНІ СҮЙЕМІН, ҚАЗАҚСТАН!»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыдағы Республика сарайында Республика күніне арналған мерекелік концерт өтті.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ән мен күйге толы мерекелік кеш ҚР Мемлекеттік Туын сахнаға алып шығудан және Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі мен Алматы қаласы әкімінің «ALL Jazz Symphony» эстрадалық-симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен Байқамамов атындағы хор капелласының Мемлекеттік Әнұранды орындауынан басталды.

Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, қаланың шығармашылық зиялылары және т.б. қатысты.

Концертте Айгүл Үлкенбаева, «Асыл» квартеті, «ArtEast» арт-балеті, «Бозторғай» балалар хоры, Әбілқайыр Жұмабай, Алсу Ұлуханова, Диная, Рухия Байдуkenова, «Mezzo» тобы, «Терра», «Салтанат» би ұжымдары, «Жетісу» мектебінің солистері Мәдина Шарипова, Мұратхан Диас, Үміт Жолдыбайқызы, Ерлан Рысқали, Әли Оқапов, Динара Сұлтан, Луина, Нұрлан Абдулин, Jeltoksan және The Buhars, Жәния Әубәкірова, «Adagio» дуэті, Нұрболат Абдуллин, Қазыбек Құрайыш, Айя Шәріп және Есжан Әсет, т.б. танымал өнер жұлдыздары патриоттық әндер шырқап, сахнада Отанға деген сүйіспеншілікті бейнелейтін би және шығармашылық нөмірлер қойылды. Концерт «Мен сені сүйемін, Қазақстан!» композициясын барлық қатысушының орындауымен аяқталды.

Алматыда орналасқан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында Республика күніне арналған «Жасай бер, Қазақ елі!» мерекелік концерт өтті.

«ЖАСАЙ БЕР, ҚАЗАҚ ЕЛІ!»



Досбол
АТАЖАН

Мерекелік іс-шарада консерватория студенттері, оның ішінде республикалық байқаулардың жүлдегерлері өнер көрсетті. Сахнаға шыққан үрмелі және ұрмалы аспаптар оркестрі, аралас хор, жетігеншілер мен кобызшылар ансамблі өз өнерлерін паш етті. Концертте қазақ және шетелдік композиторлардың туындыларын жоғары деңгейде орындалып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бағдарламада музыканың барлық жанры қамтылды.

– Құрманғазы атындағы консерваторияда 1200-ге жуық студент білім алып жатыр. Оның ішінде музыка, өнер саласында, әртүрлі бағытта қазағымыздың көк Туын желбіретіп жүрген түлектеріміз өте көп. Келер жылы – консерваторияның 80 жылдық мерейтойы. Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Әлібек Дінішев сияқты майталмандарымыз консерваторияның түлектері болып саналады. Барлық қазақстандықтарды келіп жеткен Республика күнімен құттықтаймыз, – деді Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының проректоры Мұхамбет Ешмұханов.





МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ

«ОТБАСЫ БАНК»
САЛЫМШЫЛАРЫ

мемлекеттің 138 000 теңге мөлшеріндегі
ең жоғары сыйлықақысын ала алады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)


Спикер мемлекет сыйлықақысы бұрын көтерілмеген жинақтарға ғана есептелетінін айтты. Яғни жыл сайын биыл жасалған жинақтар мен өткен жылы көтерілмеген жинақтардың қалдығы есепке алынады. Егер бір салымшының банкте бірнеше депозиті болса, онда мемлекеттің сыйлықақысы олардың біреуіне ғана есептеледі. Егер «Отбасы банктің» салымшысы өз жинақ ақшасын шешіп алып қоюға шешім қабылдаса және үш жылдан аз мерзім бойы жинақтаған депозитін жапса, онда мемлекеттің есептелген сыйлықақысы бюджетке қайтарылады.

— «Отбасы банктің» «Отбасылық пакеті» шеңберінде өз кірісіңді ұлғайтуға болады. Ол үшін Сіз отбасының бірнеше мүшесіне депозит ашуыңыз керек, сонда сыйлықақы әр салымға есептеледі. Мысалы, егер отбасы айына белгілі бір соманы үнемдеуді жоспарлаған болса, онда отбасы оны «Отбасылық пакет» шеңберінде бірнеше салым арасында бөлу арқылы әр салым үшін мемлекет сыйлықақысын алатын мүмкіндікке ие болады. Содан кейін қажетті соманың жинақталуы тезірек болады, — деп толықтырды ол.

Банк салымшысы жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін бір отбасының барлық шотын біріктіріп, қарыз алуға болады. Бүгінгі таңда қазақстандықтар үшін ең қолжетімді қарыз түрі — тұрғын үй қарызы. Мұндай қарыз шотта кемінде 3 жыл мерзім ішінде тұрғын үй құнының кемінде 50%-ы жинақталған жағдайда беріледі. Қалған соманың 50%-ын клиент жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейінгі мөлшерлеме (ЖТСМ 3,6%-дан бастап) бойынша алады.

«Отбасы банкте» балаларға «Отбасы банктің» дәстүрлі депозитінің көмегімен немесе «Арнау» депозитін пайдалана отырып ақша жинақтауға болады. Оның талаптары бойынша кем дегенде 10 жыл ішінде тұрғын үй құнының 50%-ын жинақтау қажет. Депозитке жинақтау кезінде банктің сыйақысы мен мемлекеттің сыйлықақысы да есептеледі. Бұл ретте жинақтау мерзімі өткеннен кейін қарыз бойынша мөлшерлеме жылдық 2%-ды (ЖТСМ 2%-дан бастап) ғана құрайды. Стандартты депозит шеңберінде қарыз бойынша ең төменгі мөлшерлеме 3,5%-ды (ЖТСМ 3,6%-дан бастап) құрайды.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ



ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Белгілі қоғам қайраткері, қаламгер-ғалым Ақселеу Сейдімбектің тұрған үйіне
мемориалдық тақта орнатылды

Алматыда көрнекті жазушы, ағартушы-ғалым, этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ақселеу Сланұлы Сейдімбекке арнап орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараға қазақ әдебиетінің майталмандары мен жазушының әріптестері, көршілері мен туған-туыстары қатысты.

Ескерткіш-тақтаны салтанатты түрде мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы-драматург Кәдірбек Сегізбаев пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев ашты.

— Ақселеу Сланұлының мемориалдық тақтасын ашу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл кісінің көзін көрдім, ақылын тыңдадым, ақ дастарханда бірге дәмдес болдық. Ақселеу ағамыз нағыз қазақи болмыстың білгірі еді. Қазақтың салт-дәстүрін, сөз саптауын жіктеп отыратын. Өзі де сол нақышта өмір сүрді. Қай кітабын алып оқысаңыз да құмарланып, құдды бір ата-бабаларымыздың өмір салтын кешкендей боласың. Бұл тақта жазушымызға деген құрметтің кішкентай ғана бөлшегі, — деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Қаламгер бұл үйде 1987–1999 жылдар аралығында тұрған. Мемориалдық тақта орнатылған жазушының өзі тұрған үйге орнатылды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қожамқұлов көшесі, 128 үй (Әйтеке би көшесінің қиылысы).

КОНФЕРЕНЦИЯ

«Қазақстан ғылымының өркениет өрісіндегі дамуы»

Академик Еренғайып Омаровтың 75 жылдық мерейтойына байланысты ғылыми-практикалық конференция өтті

Алматыда Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик Еренғайып Омаровтың 75 жылдық мерейтойына байланысты «Қазақстан ғылымының өркениет өрісіндегі дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Досбол
АТАЖАН

Ғылыми жиын аясында қазақ өркениеті туралы баяндамалар жасалып, Еренғайып Омаровтың жарық көрген монографиялық еңбектері Ұлттық кітапхана қорына тапсырылды.

— Конференция мақсаты — қазақ өркениетінің негізгі бағыттарын қарастырып, соны халыққа жеткізу, жастарға жеткізу. Өркениет әр халықтың өз қоғамында қалыптасқан жүйесі. Алғашқы адамдар өзенді жағалап өмір сүрген. Сондықтан алғашқы өркениет — өзендік өркениет. Ол қазақтың



жерінде де — Сырдария, Еділ, Жайық, Жетісу өзендері бойында болған. Одан кейін көшпелі өмірге көшкен. Оған қоса қалалық өркениет дамыған. Жалпы, қазақтың жерінде 200-дей қала болған. «Қазақ көшпенді, қала болмаған» деп жерімізге көз тіккен айтқан. Қазір өркениеттер қақтығысы жүріп жатыр. Өркениет саяси ұғымға айналып келеді, — деді Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик Еренғайып Омаров.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

Қалалық көгалдандырушылар жасыл желектерді отырғызу жұмыстарын жүргізіп жатыр.



Ернұр
ЕРЛАНҰЛЫ

Бүгінде 23 459 ағаш отырғызылды: Медеу ауданында — 2000 бірлік, Жетісу ауданында — 3070, Түркісіб ауданында — 3900, Алмалы ауданында — 7000, Әуезов ауданында — 2489, Бостандық ауданында — 3500, Алатау ауданында — 1500. Наурызбай ауданында 10 мың ағашты жаппай отырғызу 30 қазанда басталады, қазіргі уақытта отырғызу үшін орындар дайындалып жатыр (шұңқырлар қазылады).

Биыл Алматы қаласының жасыл қоры 320 мың жасыл

желекпен толығады, оның 22 мыңы көктемде отырғызылды, 298 мыңы күзге жоспарланды.

Бас ботаникалық бак пен ғылыми аграрлық университет мамандарының ұсынысымен көшелер бойына жалпақ жапырақты шегірін, емен, үйеңкі, шаған, терек, ал саябақтар мен скверлерге — сәнағаш, қайың, акация, шырша және жеміс (алма, шие, алмұрт, өрік) ағаштары отырғызылып жатыр. Ағаштың бұл түрлері тығыз өсіп, саялы көлеңкеге айналып, ластанған ауаны жақсы ұстайды.

Көшеттерді жақсылап суару үшін отырғызу орындарында автоматты суару жүйелері орнатылған. 2023 жылы қабылданған жасыл желектерді күтіп-баптау және қорғау ережесінде отырғызылған ағаштарға 3 жылға дейін күтім жасауды қамтамасыз ету жеткізушілерге жүктелген. Жасыл желектерді тиімді суару және көшеттердің тамырланып өсіп кетуі үшін биыл су жинағыштың құрылысы мен реконструкциялау жұмыстары басталды.

ИНВЕСТИЦИЯ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУДЫҢ АЙҒАҒЫ

Алматының арнайы экономикалық
аймағына 50 млрд теңгеден астам
инвестиция тартылды

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы кәсіпорындарында 6,7 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Бұл туралы Алматы әкімдігінің телеграм-арнасында жазылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алатау» шағынауданындағы «ИТП» АЭА құрылған сәттен бастап 6727 жұмыс орны құрылып, 50,69 млрд теңге инвестиция тартылды. 34,7 млрд теңгенің салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер жасалды. 493,7 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, қызметтер көрсетілді, экспорт көлемі 7,46 млрд теңгеге жетті.

Бүгінде «ИТП» АЭА резиденттері 160 компания, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласындағы 105 компания («Kolesa Group», «Azimut Labs», «PayBox», «Личная Касса» және т.б.) қызметін «эксаумақтық» қағидаты бойынша жүзеге асырады, 55 компания («Kaspi Cloud», «Eltex Alatau», «Nero Lab», «Asaq», «Prima Group», «Almaty Entering Company» және т.б.) «ИТП» АЭА аумағында орналасқан.

2023 жылы «ИТП» АЭА-ға 15 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылып, 1200 жұмыс орны ашылды. 39 компания жаңа қатысушы ретінде қабылданды, жобаларды іске асыру үшін ауданы 15 га 7 жер телімі бөлінді.

«ИТП» АЭА Алматы қаласының Медеу ауданында 163 га аумақта орналасқан. Мемлекет барлық инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымның, сонымен қатар, бірінші кезектегі ғимараттардың, әкімшілік ғимараттың құрылысын жүзеге асырды. «ИТП» АЭА қатысушыларына салық және кедендік жүктемені төмендетуде түрлі артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі.

«ИТП» АЭА аумағындағы негізгі басым қызмет түрлері ІТ, телекоммуникация және байланыс, электроника, жаңартылатын энергия көздері, ресурстарды үнемдеу және табиғатты тиімді пайдалану, сонымен бірге, 2020 жылдан бастап фармацевтика және медициналық бұйымдар кіреді.



«АЛМАТЫ АҚШАМЫНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

«БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ САПАСЫ»:

ЖАҢА ЖОБА

ҰЛТТЫҚ жаңару бастауы

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

«Алматы ақшамының» қонақжай шаңырағында қонақта – түркітанушы-ғалым, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымының кандидаты Серікбай ҚОСАНОВ пен аталған оқу орнының ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дайындық кафедрасының аға оқытушысы Жанна Әділханова.

Жаңа дағдылар мен бағдарлар

Серікбай Қылышбайұлы:

– Осы жобада аталған маңызды міндеттердің бірі – мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. Мәселен, оқушы орындарының тапшылығын жою мақсатында 2025 жылға қарай 1000 мектеп салу жоспарланған және шағын қалаларда, аудан орталықтары мен ауылдарда 5000 мектеп жаңғыртылып, балаларды оқыту үшін қолайлы жағдай жасау, т.б. шешімдер көпшіліктің көңіліне үміт ұялатты. Аталған бағыттағы іс-шаралар қазірдің өзінде біртіндеп жүзеге асырыла бастағанын көзіміз көріп отыр. 2025 жылға қарай мектеп түлектерін қажетті мамандық бойынша қолжетімді және сапалы техникалық, әрі кәсіптік біліммен 100 пайыз тегін қамтамасыз ету жоспары да осы жобаның жағымды жаңалығы деп білемін.

Жанна Сайынқызы:

– Расында, күн сайын дамып жатқан өзгермелі адамзат қоғамында ақпараттық технологияның қызметі барған сайын артып келеді. Бүгінгі әлемнің келбеті, өмір сүру дағдылары да жаңарып, дәстүрлі білім алу әдістері бұрынғыдан да тез жаңғыру үдерісін бастан кешуде. Сондықтан жобаның үш негізгі бағытында шапшаң дамыған қоғамдағы демографиялық төуекелді болжамдарды ескере келе, технологиялық және сандық жаңғыртуға басты назар аударылады. Оған қоса, адами капиталдың сапасын жоғарылату, еңбек өнімділігі мен жұмыс орындарының өсуін қамтамасыз ету мәселесін көтереді.

Аңғарғанымыз, алдағы уақытта да білім беру саясаты ұлттық және халықаралық объективті өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Жобада айқындалғандай: «Жасанды интеллект барған сайын көп нәрсеге дағдыланып, болашақта экономиканың барлық салаларында мамандарды алмастырып, кадр қажеттілігін айтарлықтай азайтады. Технологиялық инновациялардың ықпалына ілікпейтін мамандық түрі қалмайды. Ал сарапшыларының болжамына сенсек, алдағы 4 жылда барлық сала қызметкерлерінің жартысына жаңа дағдыларды меңгеру қажет болады, ал болашақта қайта оқып, біліктілік алып отыру қалыпты дүниеге айналады» дейді баяндама авторлары.

Стратегиялық жоспарлы мақсаттар: білім беру ерекшеліктері

Серікбай Қылышбайұлы:

– Ұлттық баяндама жобасында баршаға қолжетімді сапалы білім берудің жаңа бағдарламасы ұсынылған. Ең алдымен, білім беру әдістемелерін заманға сай жаңғырту, педагогтардың білім деңгейін ұдайы жетілдіріп отыру көзделген. Былайша айтқанда, «қазіргі заманғы тенденцияларды ескере отырып, білім берудің жаңа моделін енгізу бағытында жұмыс істеу қажет». Жобаны ұсынушылар «білім беру – оқу» ұстанымынан «білім беру – тұлғаның қалыптасуы мен дамуы» ұстанымына көшуді жөн көреді. Яғни әркімнің қабілеті, мүмкіндігі мен қажеттілігіне орай оқушылар оқудың барлық кезеңінде – балабақша мен мектеп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін жеке білім беру бағдарламасымен қамтылады.

Бағдарламада еліміздің алдағы онжылдықтағы демографиялық көрсеткіштері де ескеріліпті. Мәселен, елімізде жылына орта есеппен 400 мыңнан астам бала дүниеге есігін ашады деп болжанса, алдағы үш жылда елдегі колледж бен жоғары оқу орындарына 1,5 млн-нан астам студент барады екен.

Жанна Сайынқызы:

– Осы орайда елде білікті мамандардың жетіспейтіндігі жиі айтылады. Мысалы, осы күні жыл сайын 5 мыңнан астам педагог жетіспейді екен. Оқушылардың саны артқан

сайын педагог кадрлардың тапшылығы да үдей түсері сөзсіз. Оның үстіне, әр жылдары педагогикалық білім алған түлектердің шамамен 20 пайызы басқа салаларды таңдаған. Өкініштісі, мектептердегі мұғалімдердің 16,2 пайызы ғана жоғары санатқа қол жеткізген. Нәтижесінде еліміздегі білім беру көрсеткіші көңіл көншітпейтін деңгейге түскен.

Айталық, колледж студенттері арасында жүргізілген бағалау кезінде олардың мектепте оқитын өз тұрғыластарынан 27 балға қалып қойғаны анықталған. Дүниежүзілік білім беру ұйымдарының есебінше, қазақстандық ересектердің математикалық сауаттылығы өзге дамыған елдермен салыстырғанда, 35 балға төмен екен. Бұл деңгейіңіз, олардың математикалық және оқу сауаттылығы екінші деңгейден аспайды. 2018 жылы PISA қорытындысы бойынша, біздің елдің оқушылары әлемнің 78 елі ішінде 69-орынға ғана табан тірепті. Тәуелсіз сараптамалық деректерге қарағанда қазақстандық мектеп оқушылары цифрлық сауаттылық бойынша 14 қатысушы мемлекеттің ішінде 14-орын алған. Ал оқушыларымыздың 54 пайызы компьютерлік және информатикалық сауаттылық бойынша ең төменгі 1-деңгейге де жетпеген көрінеді. Бұған қоса, сандық форматтағы оқулықтардың жетіспеушілігі, талапқа сай келетін интернет желісі орта мектептердің 18,5 пайызын ғана қамтығаны жасырын емес.

Ұлттық баяндама жобасының авторлары мектептерде кадрдың жиі ауысуы туралы да мәлімет берген. Мысалы, қазірде 1 мыңға жуық директорының орны 1 жылдан астам уақыт бос тұр екен. Педагогтарға қоғам тарапынан қатты қысым көрсетілетіні де ашық айтылған. «Жайлы мектеп» бағдарламасының жемісін алдымен алыс аудандағы қандастарымыз көрсе екен деймін. Рас, қазіргі кезде біртіндеп ұлттық бағыттағы білім-инновациялық мектеп пен лицейлер ашыла бастады. Олардың санын көбейтіп, елдегі дарынды оқушыларға тұрақты түрде тегін гранттық орындар бөлуді

ойластырған жөн. Сонымен бірге, балабақшадан бастап орта және жоғары білім беру мекемелеріндегі мемлекеттік тілдің қолданылуын толықтай жолға қоятын кез келді.

Жоғары білім беру сапасы: ұлттық идеялар, басты бағыттар

Серікбай Қылышбайұлы:

– Жобада ЖОО бойынша да жақсы жаңалықтар бар. Соның бастыларын атап өтейін. Біріншіден, жаңа бағдарлама біліктілік сертификаты бар студенттердің оқудың 2-3 жылынан бастап еңбекке араласуына мүмкіндік туғызады. Сол үшін екінші оқу жылынан бастап кәсіптік практикадан өту міндетті болып саналады. Екіншіден, бакалавриат бағдарламаларының кәсіптік бағдарын дамыту мақсатында оқу үдерісіне тәжірибелі маман-практиктерді тарту және жас кадрларды әзірлеуде өнеркәсіп пен бизнес саласының өкілдерімен байланыс деңгейін көтеру әрі олардың өзара жауапкершілігін күшейту көзделген. Сонымен бірге, жоғары оқу орындары өндіріс пен ғылымға жасанды интеллект енгізуді қолға алады және жаңа жұмыс орындарын ашуға қабілетті кадрлар дайындаумен шұғылданады.

Үшіншіден, ел жастарына қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын игеру бойынша екі модель ұсынылып отыр: жоғары оқу орындарында және жоғары колледждерде білім алу. Мұндағы жаңалық – колледж бітіргеннен кейін оқуға түскендерге ЖОО-да оқу мерзімін одан әрі қысқарту жоспарланған. Осы мақсатта жұмыс берушілермен еңбекақы тарифін келісе отырып, мамандық классификаторына және жоғары оқу орындарында оқытудың әр жылындағы курстық дағдыларына өзгерістер енгізу, зерттеу, цифрлық, тілдік және өзге де құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларының құрылымын қайта қарау қарастырылған.

Төртіншіден, «студенттерге оқу нәтижелерін қайта кредиттей отырып, жаппай онлайн-білім

беру курс (Coursera, EdX, Open University және т.б.) жүйелері арқылы жекелеген біліктілікті игеруге мүмкіндік берілетіні» айтылған. Қазіргі өзгермелі қоғамдағы түрлі қауіптерді ескергенде бұл бағытты дамыта беруді құптар едім. Ең қажеттісі, жақын келешекте барлық студенттер үшін әлемдік кітапханалар қолжетімді болмақ және жоғары оқу орындарында сандық жүйе кеңейтіле түседі. Мұның бәрі студенттердің терең және кәсіби білім алуларына жақсы алғышарт жасайтынына сенемін.

Жасанды интеллект пен сандық технология

Жанна Сайынқызы:

– Әрине, ендігі жерде білім мен ғылымда ғана емес, жалпы қоғамымызда, әсіресе, өндіріс жасанды интеллекті мен сандық технология араласпайтын сала қалмайды деп ойлаймын. «Баршаға қолжетімді білім сапасы» ұлттық баяндамасы жобасында жақын келешекте жоғары оқу орындары сандық формат жүйесін меңгеріп, «smart-университеттер» моделіне көшетіндігі туралы сөз болған. Сонымен қатар, онда виртуалды және интерактивті платформалар мен жасанды интеллект тәсілдерін оқу үдерісіне енгізу студенттерге теория мен тәжірибелік дағдыларды тиімді меңгеруге мүмкіндік беретіні айтылады. Осы бағытта басталған заманауи білім беру бағдарламалары жалғаса берсе, алдағы жылдары онлайн-курс, вебинар мен қашықтан оқудың басқа да формалары студенттерге өзге елдердің жетекші мамандарынан білім алуға, дамыған елдердің студенттерімен тәжірибе бөлісіп, өзара әріптестік орнатуға кең жол ашпак.

Жасанды интеллектті білім беру үдерісінде қолдану, әсіресе, жаратылыстану, техника саласындағы мамандықтарды оқытуда елеулі әрі жылдам табыстарға жеткізеді. Бірақ әлеуметтік салаларда, яғни гуманитарлық білім мен ғылымды игеруде жасанды интеллект жетістіктерін пайдалануда елеулі кедергілер бары жасырын емес. Мәселен, интернет платформаларын, түрлі чат-бот пен қосымшалардың тілі негізінен ағылшын не басқа шет тілдерінде қызмет жасайды. Қазіргі заманда дамыған елдердің білім жүйесінде қолданылатын интернет қосымшаларын тек орыс тілінде ғана біршама пайдалануға мүмкіндік болады.

Мысалы, жасанды интеллект арқылы қазақ тіліндегі аралуан кітаптарды, көркем әдебиет мәтіндерін түрлендіруге немесе талдауға өзге тілде жұмыс жасайтын қосымшалар көмектесе алмайтыны өкінішті. Сондықтан жасанды интеллектті қолданып, қазақ тілінде қандай да бір көркем шығарма, мақала, эссе жазу былай тұрсын, кәсіби сөздіктерді түзу де қиындық туғызып жатады. Бұл ретте ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі үкіметпен бірлесе келе, таяу уақытта интернеттегі қазақ тілді контенттің мобильдігі мен қолжетімділігін дамытуға бағытталған шараларды тездетіп қолға алса, жақсы болар еді. Себебі, онсыз ұлттық білім мен ғылымның сандық форматқа өтуі кешеуілдей бермек. Мұның өзі тиісінше заманауи әрі қолжетімді білім сапасының артуына кері ықпал ететін басты фактор деп білемін.

Сол себепті, технологияларды белсенді түрде көптеп енгізу қажет, бұл сапасы жоғары білім беру және жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін қолда бар ресурстар мен инфрақұрылым мүмкіндіктерін кеңейтуге қол ашады. Цифрлы технологияларды білім жүйесіне бейімдеу мен оқушыларға үйрету адам капиталын жылдам дамуына оң әсер етеді. Ал білім алу нәтижелеріне қол жеткізуде цифрлық технологияның алатын орны зор, оқыту мәселесіне келгенде бұл басымдықты түсіндіріп жатудың өзі артық. Бұл жердегі мәселе – білім алуға тән негізгі процестің тиімді жүзеге асуына технологиялардың қалай жол ашатынын анықтап көрсету.

Серікбай Қылышбайұлы:

– Жалпы, ойымды түйіндеп айтар болсам, бұл ұлттық жоба кезекті құжаттың бірі болып қана қоймай, нақты іс-әрекет үлгісіне айналса деген үміттемін. Бұл жобадағы мақсат-міндеттер дер кезінде іске асырылса, қазіргі білім беру жүйесінің әлеуеті күрт артып, білім сапасы жоғарылай түсер еді. Әсіресе, ауыл мектептерінің тезірек «жайлы мектепке» айналып, шалғай шеттегі оқушылар қала мектептеріндегідей баршаға қолжетімді сапалы білімге қол жеткізе деген тілегім бар.

«Білім берудің шын мәнінде жалпыұлттық басымдықтарын анықтап, балаларымыз үшін, жаңа ұрпақ үшін кемел келешекке жол ашар, бәріміз армандайтын білім беру жүйесін құруда ортақ жауапкершілік алатын кез келді. Алдағы он жылдықта балалар мен жастарға сапалы білім беру мәселесі Ұлттық идеяға айналуы тиіс», – дейді Ұлттық баяндама жобасының авторлары. Осы тектес ізгі идеяны Қазақстан халқы ұзақ күтті. Өзім қызмет ететін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі филолог-әріптестерім де жарияланған жобаның көп талқысынан өтіп, жақын уақытта жүзеге асырылуын құптап отыр.

Әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-645 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 15 маусымдағы №2/220-340 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 15 маусымдағы №2/220-340 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
атап айтқанда қосымшасындағы:
реттік нөмірі 2 жолы алынып тасталсын.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-646 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін узарту үшін, Алматы қаласының Алатау және Наурызбай аудандарындағы қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабарлар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне отемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасының тегіріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-646 қаулысына қосымша

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің ориаласқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Қасымова Сәиджамал Құрмановна	20-312-044-016	«Достық» шағынауданы, Кеменгер көшесі, 25	0,1112
2.	Хамраев Шаукет Құрманжанович	20-312-044-019	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 8	0,0942
3.	Москаев Сергей Павлович	20-312-044-043	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 30	жалпы - 0,1530 үлесі - 0,0321
4.	Ришатов Руслан Ришатович, Ришатова Замира Азамжановна	20-312-044-043	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 30	жалпы - 0,1530 үлесі - 0,1209
5.	Рахманов Сайылдин Илалдинович, Тохтаханова Фаридам Атхамовна, Рахманов Шухрат Илалдинович, Тохтаханов Хамраджан Адхамович	20-312-044-058	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 9	0,0979
6.	Келлер Василий Васильевич	20-312-044-069	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 28	0,1139
7.	Азизова Гульзара Шакиевна	20-312-044-140	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 24	жалпы - 0,0986 үлесі - 0,0686
8.	Камеков Дилшат Турсунович	20-312-044-140	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 24	жалпы - 0,0986 үлесі - 0,0300
9.	Рахымбаева Нургул Қоңшibaевна	20-312-044-157	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 35	жалпы - 0,0853 үлесі - 0,0546
10.	Акимкожаев Еркін	20-312-044-157	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 35	жалпы - 0,0853 үлесі - 0,0307
11.	Рузиев Рашит Ризаидинович, Полтают Халида Мағаматовна, Рузиев Ренат Ризаидинович	20-312-044-218	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 40, 1 пәтер	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0161
12.	Айса Ақбар	20-312-044-218	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 40	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0180
13.	Шарифбаев Ибраимжан Рахимович	20-312-044-218	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 40	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0349
14.	Бакиев Садиржан Садықович	20-312-044-218	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 40, 3 пәтер	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0241
15.	Рахимова Ажарбуви	20-312-044-408	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 26	0,0858
16.	Хамрабакиева Турахан	20-312-044-415	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 17	0,0870
17.	Хушаниязов Бурхандин Смайлович	20-312-044-486	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 6	0,1118
18.	«ETASA Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-044-598	«Ақсай-5» шағынауданы, 3В	0,4808
19.	Идилов Махамет Ахметович	20-312-047-073	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 68	жалпы - 0,1163 үлесі - 0,0633
20.	Имбакиев Якубжан Максутович	20-312-047-073	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 68	жалпы - 0,1163 үлесі - 0,0530
21.	Аметов Аркин Сыдықович	20-312-047-079	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 61	жалпы - 0,1281 үлесі - 0,0981
22.	Кавдунова Ляззатхан Абуталиповна	20-312-047-079	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 61	жалпы - 0,1281 үлесі - 0,0300

23.	Кожалимов Дилмурат Мирзалимович, Кожалимова Адилым Абдизовна	20-312-047-096	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 48	жалпы - 0,1382 үлесі - 0,0664
24.	Сайдуллаева Мубарахан	20-312-047-096	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 48	жалпы - 0,1382 үлесі - 0,0977
25.	Исмаилов Турсун Исраилович, Исмаилов Турган Исраилович	20-312-047-152	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 34	0,1017
26.	Шахов Павел Михайлович	20-312-047-179	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 52	0,0568
27.	Мамиров Исажан Талибович	20-312-047-188	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 29/1	0,0332
28.	Уминова Татьяна Владиславовна, Чумаченко Виталий Иванович	20-312-047-194	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 27	0,0905
29.	Бердинов Кайрат Окасович	20-312-047-251	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 30	0,1323
30.	Сүниева Саадат Турғановна	20-312-047-314	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 60	0,0426
31.	Түменбаева Балжан Тұрсынбаевна, Қойшұбаев Нұртай Торғасевич	20-312-047-345	«Достық» шағынауданы, Фарид Шаріпов көшесі, 33	0,0498
32.	Сазонтов Анатолий Вадимович	20-312-047-358	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 25	0,0976
33.	Зайтов Усенжан Абдизович, Зайтова Феруза Нұмаджановна	20-312-047-384	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 7	0,0434
34.	Аббасова Махмур Мағометовна	20-312-047-399	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 45	0,0400
35.	Сысоева Галина Ивановна	20-312-047-505	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 55/1	0,0755
36.	Сысоева Галина Ивановна	20-312-047-506	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 55	0,0805
37.	Хайбуллаева Зухра Эрнисовна	20-312-047-513	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 46/1	0,0680
38.	Паттаров Гожахмет Усупович	20-312-047-514	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 46	0,0870
39.	Рүстембекова Жадыра	20-322-001-006	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3Б	жалпы - 0,2406 үлесі - 0,0533
40.	Аменова Замзагуль Темерхановна	20-322-001-010	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3, 1 пәтер	жалпы - 0,2406 үлесі - 0,0724 үлесі - 0,0598
41.	Атейбекова Люба, Бекбосынова Ләйлім Бекмұханбетовна, Бекбосынов Руслан Бекмұханбетович, Бекбосынов Рүстем Бекмұханбетович, Бекбосынов Мәди Бекмұханбетұлы, Бекбосынов Дархан Бекмұханбетович, Бекбосынов Хаким Бекмұханбетович	20-322-001-010	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3, 2 пәтер	жалпы - 0,2406 үлесі - 0,0724 үлесі - 0,0598
42.	Турсунбаева Асель Ақылбековна	20-322-001-010	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3, 3 пәтер	жалпы - 0,2406 үлесі - 0,0281
43.	Умарбаев Адылжан Ерғешбаевич, Умарбаева Асель Ерғешбаевна, Умарбаев Асетжан Ерғешбаевич	20-322-001-010	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3, 4 пәтер	0,0300
44.	Бекали Алина Әділетқызы	20-322-001-013	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 24	0,0333
45.	Тұрлыбеков Елтай Ерназарович, Турсунбаева Асель Ақылбековна	20-322-001-015	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 13/1	0,0150
46.	Турсунбаева Асель Ақылбековна	20-322-001-016	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 13/2	жалпы - 0,0851 үлесі - 0,0406
47.	Прокудина Валентина Николаевна, Абдраислова Елена Сергеевна	20-322-001-019	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 20/2	0,0100
48.	Нұрбаев Мурат Армияевич	20-322-001-021	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3А	жалпы - 0,0827 үлесі - 0,0255
49.	Абдурахманова Галина Семеновна	20-322-001-022	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 21/3	жалпы - 0,0827 үлесі - 0,0200
50.	Рассудихина Надежда Андреевна	20-322-001-022	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 21/3, 2 пәтер	0,0937
51.	Нұрбаев Мурат Армияевич	20-322-001-024	«Наурыз» шағынауданы, Рахым Сәбденов көшесі, 3/5	жалпы - 0,0939 үлесі - 0,0260
52.	Сарсененова Светлана Андреевна, Бочаров Константин Александрович, Бочаров Андрей Александрович	20-322-001-034	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 19/1	жалпы - 0,1380 үлесі - 0,0627
53.	Далембаев Альбай Джетеевич	20-322-001-040	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 13/1	жалпы - 0,1380 үлесі - 0,0753
54.	Чеботаев Николай Иванович, Чеботаев Максим Николаевич, Чеботаева Анастасия Николаевна, Чеботаева Тамара Павловна	20-322-001-040	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 13/1	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0434
55.	Бочарова Светлана Андреевна, Бочаров Константин Александрович, Бочаров Андрей Александрович	20-322-001-044	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 18, 1 пәтер	жалпы - 0,0931 үлесі - 0,0497
56.	Измагомбетов Марат Сиркалиевич, Измагомбетова Жұлдуз Абдраймовна	20-322-001-044	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 18, 2 пәтер	жалпы - 0,1269 үлесі - 0,0732
57.	Абжамиева Жаналы Дахасовна	20-322-001-045	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 6, 1 пәтер	жалпы - 0,1269 үлесі - 0,0537
58.	Калиева Кульжамыш Алиевна, Калиев Бақытжан Советбекұлы, Калиев Сабаржан Советбекович	20-322-001-045	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 6, 2 пәтер	жалпы - 0,1000 үлесі - 0,0400
59.	Илеупова Райхан Бекеновна	20-322-001-050	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 22, 1 пәтер	жалпы - 0,1000 үлесі - 0,0600
60.	Досанова Динара Досановна	20-322-001-050	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 22, 2 пәтер	0,0600
61.	Идришева Молдир Анетовна	20-322-010-035	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 10	0,0633
62.	Есенова Тагиба Абилхайровна, Құлтасов Мұнайтыас Жарылқасинович	20-322-010-063	«Садовод» бағбандық серіктестігі, 1А	0,0600
63.	Кортуганова Оксана Николаевна	20-322-010-1011	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 27	0,0720
64.	Байнұсогова Орынбала Қасымхановна, Байнұсогов Ержан Асылбаевич	20-322-010-1040	«Алма» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 19	0,0700
65.	Абдырасилов Ербол Жөкейевич	20-322-010-1103	«Алма» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 50	0,0750
66.	Тоғайбаев Равиль Лесбекович, Рахмғалиева Сәзім Уәлихановна	20-322-010-159	«Алма» бағбандық серіктестігі, 42	

	Сарсенбаев Азамат Абылкасымұлы, Алиева Жанат Садүовна	20-322-010-192	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 18	0,0600
68.	Смайлова Лаура Амановна	20-322-010-231	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 28	0,0600
69.	Суханбердиева Бану Жаксыбаевна	20-322-010-295	«Маловодное» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 40	0,0203
70.	Матвиев Владимир Андреевич, Меренова Вера Андреевна	20-322-010-308	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 19	0,0627
71.	Рахимбеков Мурат Сарсенович	20-322-010-317	«Садовод и К» бағбандық серіктестігі, 1/1	0,0400
72.	Зарерова Даметгул Жарасбековна	20-322-010-340	«Абай» шағынауданы, 135	0,0864
73.	Исатаев Коблан Булытбаевич	20-322-010-344	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 6	0,0646
74.	Коротков Анатолий Данилович	20-322-010-349	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 48	0,1000
75.	Сембеков Абай Жалиевич	20-322-010-359	«Абай» шағынауданы, 164	0,0780
76.	Кеншіпбаева Құндызай Нәсілқызы, Омаров Нұрлан Шайхыұлы	20-322-010-373	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 22	0,0600
77.	Кацишвили Зураб	20-322-010-384	«Наурыз» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 92А	0,0250
78.	Пак Анжелика Эмильевна	20-322-010-393	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 9	0,0600
79.	Сливинская Нина Александровна	20-322-010-419	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 7	0,0628
80.	Бекбаева Набара Звановна	20-322-010-430	«Алма» бағбандық серіктестігі, 33/1	0,0710
81.	Дағылова Жазира Мамытбековна, Хасенали Нұрәлі Қуатұлы, Хасенали Нұргелді Қуатұлы, Хасенали Мәдина Қуатқызы, Хасенали Мирас Қуатұлы	20-321-010-451	«Абай» шағынауданы, 365	0,0408
82.	Абдулаев Хасенали Ахметхалиевич, Абдулаева Қанымай	20-321-010-452	«Абай» шағынауданы, 365	0,0300
83.	Абишев Ержан Серикбаевич	20-322-010-456	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 20	0,0600
84.	Кубеева Баян Мөлбеевна	20-322-010-474	«Абай» шағынауданы, 136	0,0626
85.	Қудайбергенов Бирлик, Қудайбергенов Мейрман Берликович, Қудайбергенова Шолпан Берликовна, Қудайбергенов Кайрат Бирликович	20-322-010-505	«Маловодное» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 40А	0,0600
86.	Анарбаева Айбану Касеновна	20-322-010-506	«Алма» бағбандық серіктестігі, 44	0,0720
87.	Даудова Мәрема Георгиевна, Даудов Руслан Зеудинович	20-322-010-518	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 30	0,0600
88.	Нурсадыков Серик	20-322-010-530	«Алма» бағбандық серіктестігі, 47/1	0,0760
89.	Рахмаева Айман Чокановна	20-322-010-552	«Маловодное» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 39	0,1089
90.	Амирбекова Бейсехан	20-322-010-565	«Алма» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 20	0,0620
91.	Исмагулов Булатбек Молдахметович	20-322-010-606	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 23	0,0600
92.	Балашова Юлия Игоревна	20-322-010-610	«Садовод и К» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 1	0,0395
93.	Танабаева Кенжетгуль Мақашевна	20-322-010-718	«Алма» бағбандық серіктестігі, 43А	0,0450
94.	Шалкарбаева Күндүз Бақытовна, Шалкарбаева Шолпан Бақытовна, Шалкарбаева Жұлдуз Бақытовна, Шалкарбаева Нұртай Аменовна, Игликова Айжан Бақытқызы	20-322-010-743	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 16	0,0600
95.	Сербаева Умысн Мұтановна	20-322-010-776	«Абай» шағынауданы, 135А	0,0450
96.	Смагулов Темирлан Мухамеджанович, Смагулова Сауле Бекболатовна	20-322-010-797	«Абай» шағынауданы, 137	0,1361
97.	Смагулов Темирлан Мухамеджанович, Смагулова Сауле Бекболатовна	20-322-010-798	«Абай» шағынауданы, 138 учаске	0,0410
98.	Тоғайбаев Равиль Лесбекович, Рахымғалиева Сәзім Уәлихановна	20-322-010-800	«Абай» шағынауданы, «Наурыз» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 92Г	0,0356
99.	Махсұтов Алимхан Абдыкаликович	20-322-010-829	«Абай» шағынауданы, «Алма» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 1	0,0750
100.	Иманжанов Марат Сайлаубекович	20-322-010-835	«Абай» шағынауданы, «Алма» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 49	0,0714
101.	Алимулов Джанбулат Хамракулович	20-322-010-900	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 21	0,0600
102.	Турабаева Риза Юрьевна	20-322-010-924	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 12	0,0600
103.	Жумабаева Дана Күлмұратовна, Жумабаев Анарбек Аманович	20-322-010-976	«Абай» шағынауданы, 136/1	0,0400
104.	Смайлова Лаура Амановна	20-322-010-992	«Қайнар» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 30/1	0,0600

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 26 қазандағы
№4/524-647 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын
жер учаскелерінің тізбесі

P/c	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Хазеева Рәзидә Сәйдәхметовна, Бәшсеева Шұмайсағат Хайбуллаевна	20-317-104-015	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 36 учаске	жалпы - 0,0925 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0023
2	Хазеева Рәзидә Сәйдәхметовна, Бәшсеева Шұмайсағат Хайбуллаевна	20-317-104-029	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 38 учаске	жалпы - 0,0340 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0066
3	Бадалов Сәдри Бек	20-317-107-1315	«Қайрат» шағынауданы, Түркістан көшесі, 9/1 учаске	жалпы - 0,0441 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0062
4	Бадалов Сәдри Бек	20-317-107-1316	«Қайрат» шағынауданы, Түркістан көшесі, 9	жалпы - 0,0967 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0080

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы
№4/524-648 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты
жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 14 маусымдағы №3 қорытындысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануға объектілердің құрылысы үшін (саябақ) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты «Nef & Ram» (Неф энд Рам) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Рахат» шағынауданы, Күлтөбе көшесі, 1/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-026-941) жалпы ауданы 4,000 га жер учаскесінің ауданы 1,3734 га бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнаммен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі бөлігінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін алып қойылған мүлікті және жер учаскесін Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппаратының төңірегіне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

ЕДОСАЕВ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ӘКІМШІЛІК АЙЫППҮЛДАРДЫҢ ӨНДІРІЛУІ

Жалпы Алматы қаласында әкімшілік құқықтық статистиканың жағдайы қалай?

2023 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес, «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **18 млрд 613 млн 617 мың 339 теңгені** құрайтын **1 288 375 әкімшілік айыппұл салынды, оның ішінде 14 млрд 520 млн 777 мың 316 теңгесі өндірілді, бұл өндіріп алудың 78%-ын** құрайды.

Әкімшілік құқық бұзғаныңыз үшін салынған айыппұл жайлы қайдан білуге болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Департаментінің (бұдан әрі – Департамент) сайтында, Сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (**qamqor.gov.kz және egov.kz**) онлайн-режимде танысуға және өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, **«Өз айыппұлдарың туралы біл»** терезесін таңдап, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басып керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама электронды-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды Үкімет» порталы арқылы **eGov.kz** сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолдanasыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге құқылысыз, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан («Қазпошта» АҚ-ның қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданған) күннен бастап, 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары, электронды үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Алайда, бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет.

«Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын үйлестірудің әсерінен екінші деңгейлі 17 банктердің кассалық терминалдары және қосымшалары арқылы айыппұлдарды өтеуге болады.

Айыппұлды төлегеннен кейін Департаменттің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі, егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Шағым жасау аталған мемлекеттік ресурстар арқылы да (qamqor.gov.kz және egov.kz) онлайн-режимде жолдауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификацталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері (иелері) тартылады.

Егерде көлік құралы басқа тұлғаны иелігінде болса, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 32-бабы 2-тармағына сәйкес, көлік құралының меншік иесінің хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына не бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

Ескерту: Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 811-бабы 2-тармағына сәйкес, айыппұлды көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерін 7 тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралды, шешім заңды күшіне енді, ал адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды деп есептеледі. Осы Кодекстің 47-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы тараудың қағидалары бойынша қаралған іс қайта қаралуға жатпайды.

С.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры.

Қоғамдық қордың ақпараттық ресурстық орталығы Сіздерді киберқауіпсіздік жобасы бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Тыңдау 2023 жылғы 31 қазанда, сағат 12.00-де масштабтау форматында өтеді. Сілтемені алу үшін 8 707 777 49 53 телефоны арқылы тіркеліңіз.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӨУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз

Алматы АҚШАМЫ

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatau.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет **сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4:		
№ p/c	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Орталық қалалық клиникалық аурухана» КМК	050040 Бостандық ауд. Жандосов к-сі, 6
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№ 20 қалалық емхана» КМК	050049 Түркісіб ауд. «Жұлдыз-1» ы.а. 5 В үй
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Алмалы ауданының бастапқы медико-санитарлық көмек көрсету орталығы» КМК	050026 Алмалы ауд. Төле би көшесі, 157
Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды: 1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды. Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде: 1) өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар; 2) осы заңды тұлғаның банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған; 3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; 4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбағай. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады. Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі: 1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі; 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі; 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, тел.: 8 701 493 01 77. Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 28 қазан. Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 28 қараша.		

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті қызметінің 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылдың 9 айында 79 аудиторлық іс-шара өткізді, оның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар сомасы 158 844 440,4 мың теңгені құрады, оның ішінде: – қаржылық бұзушылықтар 51 809 006,23 мың теңге; – рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 107 035 434,2 мың теңге, оның ішінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзу 13 432 016,6 мың теңге. Есепті кезеңде Департамент қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп, жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарларды жеткізу бойынша қалпына келтірілді (көрсетілді) 50 854 809,3 мың теңге. Жүргізілген бақылау іс-шараларымен Департамент құқық қорғау органдарына 5 аудит материалдарын жолдады, олар сот органдарына қарауға келіп түсті және 3 қылмыстық іс бойынша аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларына қатысты үкімдер шығарылды. Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 82 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, екі тұлға лауазымдардан босатылды және бюджет кірісіне толық өндіріп алынған 69 448,5 мың теңге сомасына 557 әкімшілік іс қозғалды. Мемлекеттік аудит объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтамауы Мәдениет және спорт министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті зиярлеу мен орындаудың, ақша қаражатын онтайлы және тиімді пайдаланудың бұзылуына әкелді, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең жақсы тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектор активтерін пайдалану қажеттілігін негізге ала отырып, бюджетті зиярлеу және атқару керек. Аудит объектілерінің тиімділігін арттыру және қызметін жетілдіру мақсатында квазимемлекеттік сектор мекемелері мен субъектілерінің басшыларына бұзушылықтарды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдау, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберілді.

А.ТАСТАНОВ,
жоспарлау, талдау, есеп беру және сапаны бақылау бөлімінің басшысы.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҚАРА ЖЕЛІ КӨП ҚАРАША

Бұл айды бұрынғылар «жамау-жасқау» айы деп те атаған

Осы аптаның соңында Қараша айы табиғат сахнасына шығады. Бұл айды қазекең – жамау-жасқау айы деп те атаған. Күз бен қыс аралығындағы өтпелі кезең. Амалы мен атауы көп ай: «Қара күз», «Қаражат», «Қараж» деген атауы, «Қарашаның қайтуы», «Боз қырау», «Қараша», «Кіші қараша», т.б. амалы бар... Мал семіретін мезгіл. Малдың айтарлықтай қоң жинауы олардың қыстан қысылмай шығуына мүмкіндік береді.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Ертеде салық малын осы айда жинаған. Оны халық «қараж», «қаражшы» деп (қаражат жинаушы деген мағынада) атапты. Содан осы ай атауы қалыптасса керек. Бұрынғылардың айтуы бойынша: Қарашада қысқа шыдай алмайтын күйі нашар немесе ақсақ-тоқсақ мал сойылып алынады. Күн бұрынғыдан суытады. Қар түсе бастайды. Осы айда құстар көшін оңтүстікке бағыттайды.

Өткен пайымдарымыздың бірінде үш ай күз: алтын күз, жылауық күз, мырза күз, қоңыр күз, қара күз сияқты мезгілдік бөліктерден тұратынын айтқанбыз. Аталған бөліктердің көбісі өтіп, қарақұз қалды. Бұл – күздің соңғы айы.

Аз ғана уақыт бұрын құмырскалардың жайбарақат тіршілік етіп жатқанын көрдік. Алда жылы да шуақты күндер әлі де бар екеніне осы көрініс куә болғандай. Бұған өткенде айдың алшысынан туғанын қоссақ, қарашаның бел ортасына дейін ауа райының шаруаға жайлы боларына көңілде күмән қалмасы анық. Бұл шуақты күндер жалғаса береді деген сөз емес. Қазір қазанның қара желі амалы да қабаттаса көрініс беруде. Таңертеңгілік және кешкілік мезгілдерде суық жел соғуы, күннің жылуы күрт азаюы осы кезге тән құбылыс.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚАРА КҮЗГЕ АРНАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса, түнде жаңбыр жауады;
- * Найзағай күркірі жаңғырып естілсе, нөсерлетеді;
- * Шық қалың түссе, аспан шайдай ашылады;
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа, ауа райы жақсарады.

ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕН

Айналамызға бажайлап қарасақ, талай тағдыр несі, қызық кейіпкерлер, бала да, дана да жүр. Олардың өмірінде де қыс, көктем, жаз және күз болады, яғни адам да бүтін қуанып жүрсе, келесі күні мұңайып қалуы мүмкін. Көңілін бүтін бұлт басса, ертеңіне жаны жадырап, күліп жүруі де ғажап емес. Тек қуанышта тасымай, қайғыда мойымайтын, бәрін де көтере алатын ерік-жігер, ақыл, мейірім болса, өмір тамаша!



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ОРАМАЛ

Інім шағын үйін сатып, жақинда үлкен үй алды. Екі тарап барлық құжаттарды реттеп болып, кілтін алуға барса, үйді сатқан әйел кіреберіс босағаға шеге қағып, жаңа орамал байлап кетіпті дейді.

«Ержетіп отырған ұлдарың бар екен, осы үйге тезірек келін түсіріңдер. Жақсылықтар, той көп болсын! Алдағы уақытта бір үй болып араласып тұрайық бір-бірімізбен» депті, кейін телефонмен хабарласқанда.

– Жаңадан люстра алғансың ба, әдемі екен, десем кеше (шашу шашып барғанда) келініме:

– Үй иесі қалдырып кетіпті, осы бөлменікін, – деді.

Иә, естуім бар еді, көшкенде бәрін сыпырып кетпей, лампасын қалдырып кетеді деген. Үйдің жарығы ешқашан өшпесін деген тілек болар, әрине.

Әне, менің дінім, иманым – дәстүр-салтыма, тілек, ниет, ырымдарымда жатыр!

Осы ойымды Facebook парақшама жариялаған болатынмын. Әлеуметтік желі қолданушылары да өз ой-пікірлерімен бөлісті.

ӨМІР ТАМАША



Алтын Жұматаева:
– Қандай керемет! Біле жүретін нәрсе екен.

Нағима Өтеулі:
– Иә, біздің үйді сатқан адам да люстрасының бәрін тастап кетті.

Тоты Кәрімова:
– Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы деген осы. Жақсы адамнан алған екен үйді.

Сара Матай:
– Сатушы да бір Алла жарылқайтын жан екен. Әйтпесе, түк көрмегендер де баршылық.

Сандуғаш Алиманова:
– Бір танысымыз үш бөлмелі жер үйін екі бөлмелі пәтерге айырбастап, көшірісуге шақырды. Үйдің иесі екі бөлмелі пәтерге біраз затын қалдырып кетті: ыдыстар, жұмсақ жиһаздар, перде, люстра дейсіз бе, бақша-сындағы пісіп тұрған қызанақтарына дейін. Содан пәтерге келдік. Маскара, жағамды ұстадым ғой, лампочканың патроны, ваннадағы қол жуатын шүмекке дейін, бәрін

жұлып алып кеткен ғой сатқан адам. Анау көріністен бір-бірімізге қарауға ұялып, кеткенше асықтық.

Анар Жұмабаева:
– Менің де бір танысым ажырасқанда күйеуі патрон, унитазға дейін шығарып әкеткен. Егер сол оқиғаға өзіміз куә болмасақ, біреу айтса сенбес едік. Қазір отбасы, бала-шағасы бар. Танқалып, жағамызды ұстатқаны – өзінен туған балалары тұратын үйді солай істеп кеткен сол жігіттің шетелде оқып, бірнеше жыл лауазымды қызметте болғаны, қазір де беделді қызметте істейтіні, әлеуметтік желі белсендісі екендігі...

КЕЙІПКЕР

Ол – әдемі әйел. Көзі әдемі. Мұңды көрінеді бірақ. Аса жақындығымыз жоқ. Журналистикада жүрген соң, ара-тұра кездесіп қалатынымыз болмаса. Сондықтан көрген жерде амандық сұрасудан әріге бармаймыз.

Ол тұрмыста болатын. Қазір де солай шығар. Өзі де отбасы туралы ләм-мим демейді. Көрген жерде балаларым туралы сұрайды, өсіп жатсыңдар ма деп тілеуестігін білдіреді.

Өзін көп жылдардан бері бала сүйе алмай жүргенін естуші едім. Бірде көрінбей кетті. Сөйтсем, жақсы жұмысын тастап, басқа қалаға қоныс аударыпты. Бәлкім, «жер ауыстыру» керек болған шығар, жақсы үмітпен.

Үміті ақталмаған секілді. Қалаға қайтып келіпті. Кейде супермаркеттерде, метрода кездесіп қаламыз. Ылғи жалғыз жүреді. Көп әңгімелеспейміз. Уақыты көп сияқты болып көрінеді. Бірақ әңгімелесуден қашқақтайтын секілді. Әлде, бұл менің ішкі ойым. Өзім де әңгіме теріп тұратындардың қатарынан емеспін, ыңғайсызданбасын деймін бе, тез-тез қоштасып, жүгіріп кете барамыз.

Өткенде ортақ танысымызды кездестіріп қалдым. Әңгіме арасында осы әйел туралы сұрағым келді. Сұрай алмадым. Өлгі ойымды бірінші әйелге деген құрметсіздік болар деп ойладым. Дегенмен, көзінде қалың мұңы бар әдемі әйелдің өмірін білгім келеді, шығарма жазғым келеді. Талай жұмбақ кейіпкер алыста емес, жанымызда жүр...

БАЛА

Жексенбі. Ауданишілік автобус. Апасы мен немересі отырды. Бала 2-3-сынып оқиды-ау, шамасы. Сөмкесінен ақша іздеп жатқан апасы:

– Бір «детский», бір «взрослый» де, – деді.

Автобус жүргізушісі:
– «Детский» деген жоқ, бәріне 150 теңге. Оқушысың ба? – деді.

– Иә, оқушымын. Бірақ бүгін демалыс, – деді балақай. Бала тілі – бал.

Отырғандар езу тартты. Төлегісі келмей тұрған жоқ, аңғалдығы, шын сөзі, тазалығы.

Бала болған қандай жақсы! Бірақ мына өмір сол тазалықты, баланы өскенде кірлетіп жіберетіні бар!..

